

Журнал 2003 жылғы 28 қаңтардан шыға бастады



Жас өркен Қостанай



3 (94) мамыр-маусым 2018 жыл

МЕНШІК ИЕСІ:

Ахмет Байтұрсынов
атындағы
Қостанай мемлекеттік
университеті.
Ректор Хусаин ВАЛИЕВ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Төраға
Кенжеғали САҒАДИЕВ
Диқан ҚАМЗАБЕК
Хусаин ВАЛИЕВ
Алмас ӘБСАДЫҚ
Гүлнар БЕРКЕНОВА

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор
Ақылбек ШАЯХМЕТ
8(705) 650-65-51
шығарушы редактор
Жанболат КЕНЖЕҒҰЛ
8(747) 601-95-14
менеджер-дизайнер
Айтолқын ҚАПАН

Журнал ҚР Мәдениет,
ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде
2002 жылы
18 қарашада тіркеліп,
№3386-Ж куәлігі берілген.
Екі айда бір рет шығады.
Редакцияға келіп түскен
хаттар әдеби өңделеді,
қысқартылады,
түзетіледі. Көлемі үш
компьютерлік беттен асқан
материалдар қабылданбайды.



Құрметті Кенжеғали Әбенұлы!

*Сізді 80 жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын!
Сіз саналы ғұмырыңызды ғылымның дамуына, еліміздің өркендеуіне
арнап, қай қызметте жүрсеңіз де мемлекетке ғылымның қажеттілігін
біліп, аянбай еңбек етудесіз! Шынында да киелі жер әр ғасыр сайын бір
ұлы адамды дүниеге әкеледі. Ұлы ұстаз, ұлт ұйытқысы аталған Ахмет
Байтұрсынов XX ғасырдың мақтанышы болса, Тәуелсіз қазақ елінің
өсіп-өркендеуіне айырықша үлес қосқан қайраткер Сіз деп білеміз.*

*Күні бүгінге дейін Қазақстан игілігіне еңбек етіп, қай жерде
жүрсеңіз де жоғары қабілеттілігіңізді, адалдығыңызды, ойдың
тазалығын өз болмысыңызбен көрсетіп, көпшілікке үлгі болып, халық
алғысына бөленіп отырсыз.*

*Сіз асқан асулар өте биік! Өміріңіз жас ұрпаққа үлгі-өнеге, келе-
шекке тағылым.*

*Қадірлі Кенжеғали Әбенұлы! Алдағы уақытта да биік асулардан аса
беріңіз! Денсаулығыңыз мықты, ғұмырыңыз ұзақ, еңбегіңіз жемісті
болсын!*

**А. Байтұрсынов атындағы
Қостанай мемлекеттік
университетінің ректоры Хусаин Валиев**

Ұлы жорықтың алғы шебінде



Қуаныш СҰЛТАНОВ,
Мәжіліс депутаты

Еліміздің белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым, академик, экономика ғылымдарының докторы, профессор Кенжеғали Сағадиев 80 деген құрметті жастың төріне көтерілді. Бір кезде біздің қоғамда «80 жас» деген алыс кәріліктің белгісіндей болушы еді. Қазір шүкіршілік, заман өзгерді, көп нәрсеге, әртүрлі құбылыстарға көзқарас та өзгерді, заманына сай адам да өзгерді. Әрине, өмір сапасы да өзгерді. Соншалықты алыс емес өткен күндерімізде орта жас – алпыстың арғы-бергі жағында болғаны да есімізде. Енді 70-72 жасты орта жас деп жүрміз. Бұл да мемлекеттік тәуелсіздігіміздің, сол тәуелсіз еліміздің әлеуетінің дүниежүзілік даму дүрмегіне ілесе алуымыздың арқасында деуімізге де негізіміз жеткілікті.

Президент Н.Назарбаев ұлы дала кеңістігіне канат жайған жаңа ғаламның жас мемлекеті – тәуелсіз Қазақстанның терең шежіресі «Тәуелсіздік дәуірі» еңбегінде еліміздің экономикалық жаңғыру үрдісіне, жаңа реформалардың адам санасына, психологиясына, дүниетанымына қалай әсер еткеніне де айрықша маңыз берген.

Елбасы бастаған осындай ұлы жорықтың ең алдыңғы шебінде өзінің білімгер, азаматтық жолынан жаңылмай келе жатқан ұлтымыздың, бүкіл қоғамымыздың бетке ұстар асыл тұлғаларымыздың бірі, ғалым, қайраткер – Кенжеғали Сағадиев. Кенжекеңнің рес-

ми лауазымды қызметтерін, Ұлттық Ғылым Академиясының президенті болғандығын, жаңа мемлекеттік дәуірде жаңа парламенттің депутаты, қаржы және экономикалық реформа комитетінің төрағасы қызметтерін зор абыроймен атқарғанын ағамыздың жетпіс жасында ризашылықпен айтқанбыз.

Елде әлі заңды-құқықтық кеңістік қалыптаса қоймаған, бұрынғы өнеркәсіп орындары дағдарысқа ұшырап, қаржы жоқ, экономикалық қаржы институттары жоқтың қасы, тағысын тағы дегендей өте қиын жағдайды бастан өткіздік. Сол кездерде БАҚ-тарда, Парламент мінберлерінде жұртшылық Кенжеғали Әбенұлының дәлелді баяндамаларын, нақты ұсыныс тұжырымдарын талай тыңдады. Ғалымның кейбір ұсыныстары Үкімет отырыстарында, ғылыми конференцияларда талқыланып, ресми бағдарламаларға енгізілді. Экономист-ғалым Кенжеғали Сағадиевтің тек нарықтық экономикаға арналған еңбектері бірнеше том таңдамалы шығармалар жинағына топтасып, оқушылар қолына тиді.

Ғалымның «Реформалар: сараптамалық көзқарас» деген атпен үш томға жинақталған ғылыми-сараптамалық мақалалары, талдаулары, сұхбаттары, сондай-ақ экономиканың көптеген бағыттарына арналған жеке еңбектері тек экономика саласының мамандары ғана емес, кез келген көзі қаракты оқушыға түсінікті тілмен жазылған өте құнды еңбек қазір көптеген жоғары оқу орындарында оқулық ретінде пайдаланылады. Оған шетел экономика мамандарының қызығушылығы да өсіп келеді. Соның бір айғағы ретінде Кенжеғали Әбенұлының «Реформалар: сараптамалық көзқарас» (Reforms in Kazakhstan: An Analytical View) ауқымды еңбегі екі рет Кэмбридж баспасында ағылшын тілінде шығып, зор сұранысқа ие болғанын айтсақ та жеткілікті. Біздің ғалымдардың зерттеулері шетелдерде, әсіресе, Англияда жылда шығып жатпағаны белгілі. Кенжекең жолбастар болып тұр. Бұл – ұлттық экономика ғылымының, ұлттың үлкен жетістігі.

Әрине, ұлтымыздың Кенжеғали Әбенұлындай ерен тұлғасының өмірі мен ғылымдағы шығармашылық еңбегі, қоғам мен мемлекетке сіңіріп жүрген қызметі, азаматтық тұлғасы бірер үлкен мақаламен шектеліп қалмай, ғылыми монографияларға, жеке деректік кітаптарға арқау екені де хақ. Ондай еңбектер шүкіршілік жеткілікті. Болашақта да әлі талай дүние жазылатынына да сенімдімін.

Кенжекеңмен сыйластығымыз, аралас-



құраластығымыз жиілеген сайын, ол кісінің білгірлігіне, ішкі дүниесінің соншалықты сарқылмас қазына екендігіне, ерекше ұлтжанды парасаттылығына тәнті боласың.

Қазақта «жөн білетін», «сөз бастайтын», «жол табатын» деген аса бір маңызды ұғымдар бар. Әдетте, ондай адамдарды ел ортасы өте жоғары құрметтейді. Сондай зиялы тұлғаның бірі – Кенжеғали Әбенұлы. Кенжекең әркез не айтса да өзінің көзі жетіп, көңілі орныққанын, білетінін, сенетінін айтады. Ана бір жылы заманымыздың заңғар жазушысы, марқұм Әбіш Кекілбайұлының отбасында қайғылы, ауыр жағдай болды. Үлкен ұлы Әулет апатқа ұшырап, 49 жасында өмірден озды. Әрине, тағдырдың ауыр соққысы. Нар тұлғалы Әбекең күйзеліп, омырылып қалды. Жыл өтсе де кеменгер суреткердің ешнәрсеге зауқы болмай, томаға тұйықталып, елмен араласудан бойын тарта бастады. Көңілін аулап, сәлем бере келген жанашыр жақын адамдарымен де бұрынғыдай ашылып, сырласа алмай, шежіредей төгілмей, жай әңгіме ауанынан аспай, қамыққанын еңсере алмай жүрді. Сондай сарғайған күндердің бірінде Кенжекең хабарласып, бір кеште көршілес Әбекеңнің үйіне кірдік. Бір жақсы әңгімелесудің сәті келді. Көп жайдың басын қайырып, бір кезде Кенжекең:

– Әбеке, көп болды Әулет кеткеннен соң, ел арасына шықпадыңыз, – деді.

– Иә, солай болды.

– Жаздың соңы, күздің басы – бір береке

жиылған шақ. Әулеттің мезгілсіз кеткеніне өзіңізбен бірге қалың ел қабырғасы қайысып, сізге әлі күнге көңіл айтумен келеді. Өзіңіз де бастығырылып отыра бермей, ел-жұртпен жүздесіп, кездесетін уақыт болды. Елдегі азаматтар шақырып жатыр, Ахаңның (Ахмет Байтұрсынұлы) қасиетті топырағына барып қайтайық. Елдің жағдайын көрейік, әңгімелерін тыңдайық, (сәл кідірді де) – бауырыңыздың жетпіс бес деген жасқа келгені де бар, не істеп, не қойғанымыздан да хабардар етейік, – деп қайырды. Әбекең әуелден өте мұқият зейін қоя тындап отыр еді, көңілі көтеріңкіленіп:

– Ә-ә, Сіздің жетпіс бесіңіз бар еді ғой. Дұрыс екен. Оның үстіне, Ахмет Байтұрсынұлының туған жеріне, Ақкөлге бармағалы да жиырма жылдан асыпты. Есінде ме Қуаныш, сонау тәуелсіздіктің таңында Мырзекең (Мырзатай Жолдасбеков) бастап, бұрынғы Торғай облысының әкімі Жақан Қосабаев ұйымдастырған Ахаң – Жақанның (Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы) тұңғыш тойлары. Ел еңсесін көтерген ұлан асыр той болып еді, – деп Әбекең жолай біраз оқиғалар мен кездесулер, өнерпаздар мен ақындарды еске алып, сөз жалғастырды. Сөйлегені бізге жақсы, өзінің жүрегіне ем. Әбекең жұбайы Клара Жұмабайқызына иегін көтеріп, «сен не дейсің?» дегендей ишара қылып еді, жеңешеміз: «Кенжекеңнің айтқаны жөн ғой, біздің қамыққан көңілімізді аулап отырғанына рақмет» деп түйіндеді.

... Сонымен, сол сапар бір ғажайып естен кетпес ғибратты сапар болды. Астанадан Арқалыққа пойыздың арнаулы вагонымен жол тартып, ұзақ түнге әңгіме-дүкен құрдық. Кенжекең шебер, Әбекең досының көңіл-күйін жазбай сезеді, кілтін біледі, еркін әңгіме қақпағын дәл кезінде түймесін басып, ашады, Әбекең ырғалып отырып, бір кезде лақылдап төгіле бастайды. Мұндайда Әбекеңді тыңдай біл. Тарих пен мағлұматқа кенелесің. Құла түз, шексіз далада пойыз доңғалағының дүрсілі де өктемдемей, сабырмен, Әбекеңнің толғақты әңгімесіне қызығып, ұлы даланың жұмсақ топырағымен әдеппен сырғып, Әбекеңнің ұзақ әңгімесін бөлмей тыңдап келе жатқандай... Осылайша, сырласып, түннің қалай өткенін, жолдың қалай біткенін де аңғармай, ертеңгілік

сайыстарын шулатып жатыр. Бейресми түрде жұртпен қауышу болды.

Енді баяғы «кукурузник» аталатын қос қанатты ұшаққа отырып, бірден Ақкөлге бет алдық. Шөкімдей де бұлты жоқ ашық аспанның көгінде көзге көрінбейтін екпінді желдің ырғағымен тербеліп, бір жарым сағат қалықтап жүріп, әйтеуір аман-есен аудан орталығының маңына келіп қондық.

Тамыз айының соңғы күндері шыжғырған аптап ыстық қоңыр салқын ауаға ауысқан. Аспан ашық. Күн қуаты мейір шуағын төгіп-ақ тұр. Апыр-тапыр жел жоқ, жанға жайлы салқын самал аялайды. Қонақтарды құшақ жая қарсы алған Амангелді, Жангелді аудандарының азаматтары ауа райының мамыражайлығын жақсы қонақ, ізгі тілек, пейілге теліп, арқа-жарқа аман-



Арқалық қаласының шағын вокзалына жетіп түстік.

Таң бозынан Кенжекеңді қарсы алуға келген жерлестері, облыс, қала әкімшілік басшылары қонақжай құшақтарын айқара ашып, құрақ ұшып жатыр. Кездесулер легін Кенжекең депутат кезінде бастамашы болып, негіздеп, заңдастырып, мемлекеттік бюджеттің жоспарына кіргізіп салдырған тамаша спорт кешенінен бастадық. Күн сенбі еді. Арқалық спорт кешенінің алдындағы алаң да, кешеннің іші де толған халық, жастар жарқылдап спорт

дасу, жөн сұрасу шұрқырасып-ақ жатқанымыз.

Ақкөл ауылында да сәні мен салтанаты жарасқан Кенжеғали Әбенұлының ұсынысымен мемлекеттік бюджет жоспарына енгізіліп салынған тамаша мектеп ғимаратында ұстаздар ұжымымен, жазғы демалыстары аяқталып, мектепке келе бастаған жоғары сынып оқушыларымен тамаша, өнегелі кездесу болды. Әсіресе, ертең өмірге түлеп ұшуға қанаттарын қомдап отырған жас өскін ұл, қыздардың өз туған өлкесіне деген сүйіспеншілігі, сол өңірдің ерте заманнан бергі бүгінге дейінгі

көрнекті тұлғалары – мемлекет, қоғам, өнер, ғылым қайраткерлерінің есімдері мен ғибратты өмірлерін жіпке тізгендей мақтанышпен айтулары, тәуелсіз мемлекетіміздің қадір-қасиетін құметтеп, жасалып жатқан жаңа өзгерістерді білулері, ашықтығы, сөйлеуге батылдықты, әрине бізді де қуантты.

Кенжеғали Әбенұлы өзінің туған өңірінде ұйымдастырылып, өткізілген шаралардың барлығына елмен кездесу, жүздесу, елдің сөзін тыңдау, сұрақтарына назар қою деп жүргізді. Бұл бір тамаша, көңілге қонымды, жүрекке жақын адами кездесулер болды. Ешкімді ешкім «жиналысқа кел» деп міндеттеген жоқ. Осы өңірдің түлегі, қазір бүкіл мемлекетімізге белгілі көрнекті ғалым, ел ағасы Кенжеғали Сағадиевпен, сондай-ақ бірге жүрген әйгілі суреткер Әбіш Кекілбаевпен, тағы басқа азаматтармен диалогтасамыз деп келген жұрт еш бүкпесіз ашық жарқын кездесулердің көңілдерінен шыққанына риза болысты. Арзанқол, өтірік мақтау, мадақтаудан мүлде аулақ, кәдімгі өмірдің, тұрмыстың, мемлекеттің, жас ұрпақтың, болашақтың әңгімелері, адамшылықтың, азаматтықтың, ұлт мәртебесін ұлықтауда мемлекет аясында жеткен жетістік, бүгінгі жағдай, ертеңгі болашақ мәселелер қозғалды. Әдемі сыйластық ауаны өрлеп тұрды. «Көп ұзартпай жиірек келіп, осылайша, сырласып тұрсаңдаршы» десті әзіл-шынын араластырып. Кенжекең мен Әбекеңдей ұлт руханиятының келісті тұлғаларының бірге жүргендеріне ризашылықтарын білдірді. Ел арасы пейілге жомарт – Кенжекеңмен бірге барған барлығымызға да ықылас көрсетіп, сенім сөздерін де айтып жатты.

Кенжеғали Әбенұлындай ғалым ұлын сағынған қойнауы қазақ тарихына толы Торғай даласы мен оның білімпаз өнерлі халқы Әбіш Кекілбайұлын да құшағын мейлінше кең жайып, қарсы алып, дарын иесін төгілдіре сөйлетті. Әбекең қабағы жадырап, еңсесін басқан ұлының қайғысынан әжептәуір сергіп, тек бақытты шақтарында ғана емес, жүрегіне салмақ түсіп, әке үшін орны толмас ауыр қайғы, уайымда да халқының өзін қолтығынан сүйеп, қайраттандырғанын сезініп, жоғары бағалап, осы сапарға ертіп шыққан досы Кенжекең де шексіз алғысын жаудырып еді.

Арқалықтан басталып, Ақкөл, Жетікөл, Наурызым, Қостанайға жалғасқан кездесулерге ел азаматтарымен диалогтасып, пікірлескенімізге көңіліміз толып, марқайып қайтқанымыз.

Бұл, шын мәнінде адамшылық түсіністікке толы естен кетпес кездесулерді Кенжекең бастағанымен, оның соншалықты мазмұнды әрі жан-жағынан толымды етіп, көңілдің

төріне көтерілуіне сол жолы Кенжекеңнің асыл жары Нағытай Әбітайқызы әпкеміздің еңбегі орасан болды. Нағытай әпкеміздің білімділігін, ақыл-парасаттылығын, бауырмалдылығын, кең пейілділігін, тағы басқа толып жатқан жақсы қасиеттерін осы отбасымен сыйласқалы бері талай рет көріп, одан үлгі, өнеге алып, көңілімізге шуақ ұялап жүруші еді. Арқалыққа түскеннен байқағанымыз, бүкіл Арқалық, Қостанай өңірінде Нағытай Әбітайқызының орны бөлек екен. Ел азаматтары дәл бір туған анасын көргендей құрақ ұшып, шұрқырасып жүр. Әпкеміз болса, келген қонақ емес, дәл бір қонақ күтушілердің төрайымындай. Ол кісі жүрген жеңіл автокөліктің соңынан жүк тиелген шағын екі-үш «Газел» көліктері жүр. Бақсақ, мектептерге, ауыл-мәдениет үйлеріне, балабақшаларға алуан түрлі керек-жарақ сыйлықтар жеткізіліпті. Барған ауылында ағайын, туыстарға көңіл бөліп, бала-шағасының амандығын сұрастырып, үлкен-кішісін аттарымен атап, базарлық, сыйлық таратуға да үлгеріп жүрді. Әдетте, кейбір аты мәлім, беймәлім адамдар белгілі бір мерей жастарында ауылдарына дүниені өзі ғана тіреп тұрғандай «аспаннан» қарап, «мәртебелі» қонақ болып келетіндері де елге белгілі. Мәселе сыйлықтан әлдеқайда жоғары – ел қамында. Ерлі-зайыпты Сағадиевтердің туған жер, туған ауыл, ел-жұртымен қарым-қатынасының ерекше мәдениеті. Сағадиевтер отбасы әуел бастан тіпті өздері сонау университет бітірер-бітірмес өрен шағынан ел азаматтарына, әсіресе, оқимын деген жастарға қол ұшын беріп, көмек көрсетуге бейім. Екеуі де – әуелден ұстаздар. Қазақстанның қай өңіріне барсаңыз да осы ұстаздардың бір шәкірті алдарынан шығатыны анық. Бүгінгі күнге дейін осы табиғи парасаттылық ұстанымдарынан айныған емес. Сондай тамаша отбасының асыл діңгегі, әрине Нағытай Әбітайқызы. Сағадиевтер әулеті өркенді ұл, өнегелі келін, саналы ұрпақ өсірген қасиетті отбасы деуімізге толық негізіміз бар.

Сағадиевтер шаңырағы мен дастарқаны – бүкіл қазақтың ортақ ырысындай. Үлкен-кіші, қазақтың игі жақсылары осы дастарқанда бас қосып, марқайып жүреді. Осы, тағы басқа отбасылық тұрмыс, жас кездегі қиындықтарды жеңу, есейгенде ерді тану, ұлттық салт-дәстүрлерімізді құрметтеу мәселелері Нағытай Әбітайқызының «Жер бетінде қалған із» деген атымен төгіліп жазылған естелік кітабында шебер келтірілген.

Қазақта Кенжеғали Әбенұлы, Нағытай Әбітайқызындай үлгі боларлық зиялы аға-әпкелеріміз көп болса, ұлтымыздың сапасы да қуатты болары сөзсіз.

Әлемге әйгілі



Жабал ЕРҒАЛИЕВ,
жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген
қайраткері

Әр дәуір өзіне лайықты дара тұлғаларды туғызып келгендігі хақ. Қазақ халқының бүгінгі сол дара да дана ұлдарының бірі – есімі әлемге әйгілі ғалым, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, академик Кенжеғали Әбенұлы Сағадиев! Ғұламалар айтады екен: Сен шыққан күнге тура қарай аласың ба?! Онда шаттана бер! Шат күлкіге де бөленгейсің! Өйткені, сен өмір кештің ғой!.. Сол кешкен өмір мен көшпелі де өтпелі дүниенің адам баласына берілген өлшемді ғұмыры да бар. Ол аз бола ма, көп бола ма, бұл енді бір жаратқанның жазғанынан!

«Сүйер ұлың болса сен сүй, сүйінерге жарар ол», – деп хакім Абай айтқанындай есімі қазақ еліне һәм дүние әлеміне кеңінен машһүр болып отырған академик, экономика ғылымдарының докторы, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Кенжеғали Сағадиевті өз ортамызда жүрген дара да дана тұлға деп ардақ тұтар едік. Өз ортасынан шығандап шығып, шың биікке ұмтылған Кенжеғали Сағадиев сонау 1992 жылдың өзінде-ақ әлемнің жыл адамы аталғанды. Беделі зор, мәртебесі биік халықаралық алуан ғылыми ассоциациялары мен қауымдастықтарының толық мүшесі ретінде танылып, әлемдік экономиканың күрделі мәселелеріне қатысты ұйымдастырылған конференциялар мен жиындарда терезесі тең тұрып тереңнен ой тербеткені баршамыздың мерейіміз болып еді. Былайша айтқанда қоғамдық қатынастардағы алынбайтын

камалдай көрінген күрмеуі мол күрделі мәселелерге батыл барып, бастамашылық танытты. Былайғы жұрттың көпшілігіне беймағұлым, тосын болып көрінген жағдаяттарды ұңғыл-шұңғылын ақтарып, ұғындыра білген де осы Сағадиев еді. Академиктің арналы ой-пікірін қоштап, қошаметтегендердің бірі пәкістандық Хан мырза: – Профессор Сағадиев мәртебесі өте жоғары кісі, әртүрлі жоғары орындарда қызмет атқарды. Қазақстанның прогресіне және дамуына ғана емес, оның бүкіл аймағына үлкен үлес қосқан. Оның еңбектері мемлекеттік және халықаралық марапаттармен белгіленді, – дегенді айтты.

Ендігі қазақ жастары білімді, қазақ ұлтының алдағы болашағы жарқын болсын деген игі істердің барлығының басы-қасында Кенжеғали Сағадиевтің өзі жүріп, Одақ бойынша жиі-жиі сапарға шығуды әдетке айналдырғаны бар. Бұл игі амалдарының барлығы дерлік нәтижесіз қалмайтын. Сондай сапарының бірінде, яғни, 1987 жылдың мамырайында СОКП Орталық Комитетінің Саяси Бюросының мүшесі В.П.Никоновтың қабылдауында болды.

Бірде Мәскеудегі Орталық Комитеттегі ықпалды адаммен осы жолы оңаша отырып сөйлесуді ойластыра келген Кенжеғали Әбенұлы сол сәтте Виктор Петрович Никоновтың жиналыста отырған кезіне дәл келмесі бар ма?! Амалсыздан Никоновтың көмекшісімен аз-кем шүйіркелесуге тура келді. ЦК-ның ұзын дәлізінің бойымен жүріп келе жатқан бұл екеуіне қарсы жолыққан әлдебір орыс жігіті сынай да, жақтырмай да қарағандай болды. Соны байқап қалған Никоновтың көмекшісі сәл абдырап: –Мынау Сағадиев деген азамат, Қазақстаннан келген. Целиноград ауыл шаруашылығы институтының ректоры, танысып қойыңыз, – деп ишарат білдірді әлгіге. Шүңірейген көгілдір көздерімен тінте қараған әлгі шикі сары сәл маңғазсынып: – Сыртынан танымын, уақыты болса, оңаша сөйлесейін деп едім, – деп жүре сөйлесті. Емен есіктің сыртында «Мищенко» деген жазуы бар кабинетке келіп кірген бойда кадр бөлімін басқаратын Мищенко көптен бері әлдекімен ала алмай жүрген өшін алудың оңтайлы бір сәті енді туғандай шіреніп тұрып, ызбарлы қалыппен: –Халің қалай? Декабрь оқиғасы тынышталды ма, басылдыңдар ма?, – деген сұрақтарды қарша бората бастады. – Басылды, жалпы біз ешқандай ереуілге шыққан жоқпыз, – дей берген Кенжеғали Әбенұлының осы бір ауыз сөзі Мищенконың төзімін тауысып, ойран-асырын шығарып, көкшіл көздері аязды күнгі әйнектей шытынап, ежірейіп кетті.

–Қалай ереуілге шықпадыңдар? Сенің институтың туралы әрбір жарты сағат сайын ақпарат алып тұрдым ғой. Білеміз сендерді!..

Бұл жағдайды күтпеген Кенжеғали ағаның әу баста абыржып қалғанын сезе қойған әлгі Мищенко өз

үстемдігін көрсетіп, үсті-үстіне үдемелеп, бастыр-малатып, пәле-жаланы үйіп төгіп жатыр. Кенжеғали аға сол арадан үндемей шығып кетуді өзіне ар санады. Тұтас бір ұлтын қаралай айтылып жатқан ғайбат сөзге сыпайылап: – Сіз қателесесіз!, –деп жауап бере бастағаны сол еді Мищенко тіпті екілене түсті.

– Жок! Сендер баяғыдан ұлтшыл едіңдер, әлі де ұлтшылдықтарың қалмаған! Күні кеше неміс автономиясын құрғызбаймыз деп студенттеріңе бүлік ұйымдастырғандықтарыңды қалай ұмыттыңдар? Ал, енді мынау, міне! Осы сенің халқың қашан тыныш-талады?, –деп дүрсе қоя берсін.

– Мәселе былай ғой, – деп Кенжеғали Әбенұлы сабырлы да сыпайгершілік қалыппен бар жайды түсіндірмекші болды.

Тыңдар Мищенко жок. Ауыз өзімдікі деп нені болсын соны айтып жатқан Мищенко тіпті «гнилая интеллигенция» деуге дейін барды.

– Шіріген зиялы қауымыңның істеп жүргені анау, қайдағы ұлттық мүддені айтасыңдар, қайдағы?!, – деп шаптыққан Мищенко: – Көр, міне, өздеріңнің не істеп жатқандарыңды?! Бәрін де қазақтар өздеріңнің туыстарыңмен бірлесіп жасап жатырсыңдар! Қара, көр мынаны, міне! –деп мұның алдына қалың-қалың әлдебір альбомдар мен кітаптарды лақтырып жіберді.

Шегірейген екі көзі шекесіне шығайын деп тұрған Мищенко «ал көр, ал қанық» дегендей айбарланып қоқия қалған еді. Амалсыздан алдына лақтырылған әлгі кітаптарға таңырқай қараған-ды.

Сол сәтте Кенжеғали Әбенұлы өз көзіне өзі сенбестей халге түсті. Мынаны қараңыз, әлгі кітаптардың арасында Мұрат Мұқановтың қазақ руларына қатысты шығарған тарихи еңбегі де жүр екен. Мұндай кітаптардың бұлардың қолына қалай түсіп жүргендігіне аң-таң болып тұрған Кенжеғали дәл алдында жатқан қалың мұқабалы суретті альбомның біреуін ашып қалмасы бар ма?!

Жүрегі зырк ете түсті. Әр суретте ашу кернеп жұдырықтарын түйген, қолдарын сермеген қазақ жастарының, соның ішінде қазақ қыздарының қайсар бейнелі суреттерін көрді. Жастардың от шашқан жанарларындағы жарқыл енді беріспеске бекінгендей. Ашу мен ыза...

Ерлікке, азаттыққа, бостандыққа ел-жұртын шақырған есіл жастардың суреттегі бейнелеріне үніле қарап тұрып, сол сәтте Кенжеғаның да бойындағы ашу мен кек атойлап, ойламаған жерден қаны басына теуіп шыға келсін!

Сол сәтте Мищенко әлгі альбомдарды өзінің алдына қарай тартып, жинап алды да, сөйлене жүріп, әрбір суретті жұдырығымен ұрғылап, аузы көпіргендей күйге түсті.

– Сен де «националиссін!» Не жетпейді айтпесе?! Өмір бойы көрмеген жақсылықтарыңның барлығын бізден көріп отырған жоқсыңдар ма?!

– Сіз мені кешіріңіз, – деді Кенжеғали Әбенұлы әлгінің сөзін бөліп. – Мен сізге екі сұрақ қояйын, тым болмаса соны тыңдаңызшы!

Сәл-пәл болса да Мищенконың аптығы

басылғандай болып, қарсы алдында тұрған Кенжеғалиға ызбарлана қарап тұрды.

Кенжеғали Әбенұлы осы бір сәттік үнсіздікті пайдаланып қалғысы келді де, дауысын сәл көтеріңкіреп, нығарлы да айбынды үнмен сөз бастады.

– Мынау біздің астанамыз Алматы, – деді Кенжеғаға көз алдындағы көп суреттің бірін нұсқап. – Алматы тұрғындарының 20 пайызы ғана қазақтар! Соны біз бірде-бір жерде, ешқашан айтқан емеспіз. Қазақстанның астанасын басқарып отырған да орыстар! Соны біз ауызға алдық па, жоқ! Мен Қазақстанның солтүстік өңірінде туып-өскен жанмын. Тың жерлерді игеру науқаны басталғанда солтүстік өңірлерде орыс ұлты он жеті пайызды ғана құрайтын. Енді қараңыз, қазір өзіміз он жеті пайыз болып қалдық. Тыңға келген халықтың бірде-бірін жатырқаған жоқпыз, дәм-тұзымызбен құшақ жая қарсы алдық. Сіз қалайша ұлттық интеллигенцияны ұлтшыл деп сөгесіз?!

Мына қазақтың тайсалмай, өзіне тура қарап сөйлегені намысына тиді ме қалай, Мищенко онан әрі долырып, ашуға булыққан қалпы қолдары дірілдеп, әлгі кітаптар мен альбомдарды аударып, төңкерумен болды. Сол бір теке-тірестен кейін Кәкімбек Салыковпен жүздесіп, екеуара сыр бөліскендері әлі күнге дейін есінде ағанын.

Жер ортасын шалған осы бір тұста Кенжеғали Әбенұлы өз кезінде Целиноград ауыл шаруашылығы институтын сегіз жыл бойы ректор болып басқарғанына ешбір өкінбейді де! Сағадиев басшылық еткен жылдары бұл институт сапалы білімнің, саналы тәрбиенің озық үлгісін көрсетіп республикалық, тіпті, одақтық деңгейдегі дәрежелі орындардан көрініп те жүрді. Еңбектің жанғаны деген де осы болар! Кенжеғали Сағадиев ректорлық қызметінен кеткеннен кейін биотехникалық орталықтың бір топ ғылыми мамандары бидайдың жаңа бір сортын шығарды да, сол бидай сортын білікті басшы, білгір ғалым Сағадиевтің құрметіне орай «Кенжеғали» деп атағандарын да біреу білер, біреу білмес осы күндері!..

Арманы биік асыл ердің арқа сүйер таянышы өз отбасы екендігі айтпаса да түсінікті. Отан және отбасы деген ұғым қай қашанда ер азамат үшін ең қымбат екі егіз ұғым, қастерлі қасиет. Құдай қосқан жары Нағытай Әбітайқызы екеуі отбасылық өмірдің қызық пен қиындыққа толы дария сапар – ұзақ жолын қол ұстасып, бірге кешіп келеді. Қашанда жақсы жар жанына сая, көңіліне медеу, тіршілігіне тіреу емес пе?! Кәнігі қарапайым отбасыларындағыдай үй шаруасының бар қарекетін үйлестіру бәйбішесі Нағытайдың мойнында. Аллаға шүкір, отбасына ордалы ырыс, әулетіне әдемі сый-сыяпатшылықты сыйлаған берекесі мол тұрмыстың берері мол екен. Әкеден көргенін, анадан үйренгенін балалары жалғастырып келеді. Расында, қазақтың «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер», – дегені өмірдің өз қағидасы екен. Баланың жақсы аты, ілкімді ісі



қай қашанда әке мерейін өсіріп, шаттыққа бөлейтіні бар. Өз таланты мен білімінің арқасында еліміздің белді де беделді тұлғасына айналып келе жатқан ұлы Ерланның орны бір төбе. Әкесінің әлі есінде. Кезекті сапармен шет елге ұшып бара жатқанында ұшақ ішінде американдық жолаушының «шынында сіз Ерлан Сағадиевтің әкесі боласыз ба?», – деп таңтамаша болғаны бір марқайтып тастаған еді. Ал, Нұрланы болса кішкентайынан зерек болып өсіп, математикаға бар ынта-ықыласын қойды. Сондықтан да болар Мәскеу университетінің кибернетика факультетін тәмамдады. «Жігітке жеті өнер де аз», – дегендей арысқа түсер атан жілік азамат атанып, боксерлікпен те айналысты. Ер жігіттің бойындағы күш пен қуат өмірдегі өз ұстанымымен ұштасып жатса, тіптен ғажап емес пе?! Оның кибернетикаға деген құштарлығынан болар сол жайында кітап та жазып тастады. Бала жастан биология ғылымына бет бұрып бейім болып өскен Ербол өз машығын өзгертіп, машақаты мол қытай тілінің тереңіне бойлап жүр. Әрбір ата-ана үшін ұлдарынан ұлағат көргеннен артық қандай бақыт бар?!

Осынау саналы ғұмырында бірі аға, енді бірі іні бауыр болып Кенжеғали Сағадиев жайында ой тербетіп, қалам ұстағандар сірә да аз болмады. Солардың бірі, халқының аяулы перзенті, академик, марқұм Салық Зиманов Кенжеғали Сағадиевке зор баға бергенін де білеміз. Сабырлы мінезіне басып, қашан болсын сарқып сөйлейтін Салық ағаның осы бағасының өзі неге тұрар еді?!

– Сағадиев өзінің дарыны мен қарымының

ерекшелігін, өзінің кім екенін іштей құндай алатын адам. Шешуші сәттерде қолында билік барлар беделімен басып, көңіліне қонбаған істі орындатпақ болса, қыр көрсетіп қарсы шығатыны да сондықтан болар, – деген зиялы пікірді академик Төрегелді Шарманов айтса, әрине тіптен орынды.

Құбылмалы заманның құйтырқы пенделерінен болатын қысас пен қыспақ, кедергі мен тосқауыл арғымақ текті азаматтың адымына әсте де тұсау болған емес. Анау бір жылдары Сағадиев Ұлттық Ғылым Академиясының президенті болған кезеңде өзі соны түсінді және өзгелерге мойындатты.

Кенжеғали Сағадиев осынау абыройлы атқа ие болған аяулы азаматты біздің қоғамның еңбектеген баласынан еңкейген қартына дейін біледі десек артық айтқандық емес. Кенжеғали аға – терең зерделі философ адам. Ол хакім Абай әлемін зерттегенде, тереңінен қазып із тебірене сөйлеп, телегей-теңіз білімнің қиясынан сермейді. Абай туралы аз айтылып, аз жазылған жоқ қой. Алайда, Кенжеғали Сағадиевтің өз Абайы өзінше сөйлеп, өзінше ақыл ұстайды. Жалған тамсанудан, жадағай таң қалудан ойын аулаққа салған зерттеуші оқырманын биік талғамның заңғар шыңына қарай еріксіз ерте береді. Қашан болсын мансабы барлардың жанында жалтақ, төмендегілердің алдында жарапазаншы болып та көрінгені жоқ. Мұнсыз да қоғамның сау ағзасына түскен кесел індет аз ба еді?!

Адамзат баласының бар ізгілік гуманистік идеясына тұнып тұрған баяғы саналы қазақтың салты мен дәстүрінің жокқа шығарыла бастауы

кімді толғандырмас дерсіз?! Соны ойласа болды кей кездері өз ойынан өзі қашып, жан жұбатар дүниелерді оқитын болып жүр. Сол оқығандарын көңіліне тағы да тоқиды. «Ақылды деп, арлы деп, ақ пейіл деп, мақтамайды ешкімді бұл күнде көп», - дейді Абай. «Әділ билердің қолындағы билік қазақтың неше түрлі дертін жазатын жақсы дәрі еді», - деп Ахмет Байтұрсынов қалай ғажап айтқан! «Адамның басшысы – ақыл, жетекшісі – талап, шолушысы – ой, жолдасы – кәсіп, қорғаны – сабыр, қорғаушысы – мінез, сынаушысы – халық», - деген сөзді Саққұлақ шешен де орайын келтіре ойып айтқан екен.

Кенжеғали Сағадиев жігіттің жолын бөгеп, қолын қысқартып, қара басына сор боп жабысатын тоғыз жауы бар екендігін ертеден-ақ мына бір өсиет сөзден біліп өсті. «Басты жауың – жалқаулық, сорлата-тын жаныңды», - деп басталары бар сол өсиеттің! Осалдығың – аңқаулық, соқтыратын саныңды, жасқаншақ болсаң, ұры алар қорадағы малыңды, жасықтық жалатқызбас – аузыңдағы балыңды, өтірік айтсаң – өңмендеп, жоғалтарсың арыңды, өсек терсең телмендеп, суға кетіретер салыңды, көпірме босқа мақтан ғып, түкке тұрмас барыңды, көрінгенге жалтақтап, бола алмайсың жағымды, біреуді алдап-арбаумен аша алмайсың бағыңды, - дегенді айта отырып дана халқымыз осы бір дұшпандық қасиеттерден өз ұрпағын әрдайым сақтандырып отырғандығы да бар. «Анаң үшін аянба – ант ұрады, балаң үшін аянба – бетің күйеді, елің үшін аянба – ерлігіңе сын, жерің үшін аянба – жігіттігіңе сын», - дегенді де оқып, бұған да еріксіз таң қалып, жадында ұстап қалғаны да бар.

«Рахат іздесең бейнетінен қорықпа, қуаныш іздесең қайғысынан қорықпа», - деген дана қазақтың мұндай ұлағатты сөздерін ой санасынан тағы бір өткізер болса, бағзыдан бері ел ішінде жазылмаған заңға айналып, санаға берік орныққан тәмсіл сөздер мен тәлімгер ұғымдар аз емес екен-ау! Сан ғасырлар қойнауынан жеткен халқымыздың шешендік сөздері мен билер шешімі осының айқын дәлелі бола алар еді.

Кезінде кәнігі парламентші болып қалыптасқан Кенжеғали Сағадиев еліміздің бұл биік мінберінен келелі ой да айта білді. Сол сөздерінің барлығында да Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ойын халыққа кеңінен жеткізіп, ғылыми сараптамалар жасап талай бір ұсыныстарымен халықтың мүддесін қорғап, қайткенде оң нәтиже шығаруға әрекеттенді. Ел есінде қаларлық көп іс тындырды. Әдетте, депутаттың алдына түрлі шағымдарымен де, ұсыныс, өтініштерімен келетіндер де аз болмайды. Әсіресе, сол тұста өзі депутат болып сайланған Қостанай облысының Жангелді, Амангелді аудандары мен Арқалық қаласынан елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайының құлдырауына байланысты келген азаматтар көп болды.

Торғай облысы таратылып, бағы тайып, бабы кеткен туған мекені Жангелді, Амангелді аудандары болса ендігі Қостанай облысының ең бір қиыр шетінде қалып қойды. Ара қашықтық бес жүз шақырымды құрайды. Темір жолды айтпағанның өзінде, автокөлік

жүрер дейтін қара жолдың өзі қиындық тудыратын елді мекендер қыстың қақаған суығында мүлдем байланыссыз қалады. Денсаулық сақтау саласы құлдырағанның үстіне құлдырап кеткен-ді. Ата кәсібі – мал өсірудің өзі тиімсіздікке айналып, тұрғындардың көбі басқа жаққа қоныс аударуға мәжбүрлі болған. Ауыл мектептерінің материалдық базасы сын көтермейтін жағдайға жетіп, заманауи жетістіктердің иісі де сезілмейді. Жастардың қолы бос, жұмыссыздық белең алған, тұрғындарды арнайы кәсіп пен орта шағын бизнеске бейімдейтін кәсіби-техникалық оқу орындары атымен жоқ десе де болады.

Үкімет басшысымен болған бір кездесуінде қашанғы азаматтық ірілігіне басып Сағадиев осы мәселелердің барлығын да айта білді. Әлі күнге дейін шешімін таппаған шалғайдағы ауыл мәселесін көтерді. Үкімет басшысының назарына нақтылы не істеу қажеттілігін де жайып салды. Басты міндет кәсіпорындарды жаңартып, бизнестің қала аумағындағы тиімді түрлерін ойластырып, соны үйлестіріп те реттеу қажет. Көпшілікке не қажет, олардың сұраныстары қандай? Міне, солардың барлығын да електен өткізіп, халықтың ыңғайына бейімдей отырып шағын және орта бизнес түрлерін дамытуға ықпал ету де қажет болатын. Жер-жердің географиялық жағдайларын да ескеріп, олардың өз төңіректеріндегі аудандармен байланысын нығайтып, Арқалықты сол өңірдің мәдени-әлеуметтік орталығына айналдыру ойын да жасырмады.

Академик Кенжеғали Әбенұлы Сағадиев тек білгір экономист ғана емес, ол ана тілінің жанашыры ретінде де танылып келеді. Ұлттық тілдің халін тілге тиек етіп, Мәжіліс отырыс-тарында талай рет сөз де қозғады. Аттандағанмен, айқай салғанмен де бүгінгі және ертеңгі күндері шешіле қоймайтын бұл шетін мәселеге ақылмен, өзіне тән сабырмен үн қосты. Сөз көп те, іс жоқ! Ойлап қараса, тілге қатысты шаруаның үлкені мен кішісі жоқ сияқты.

Арғы-бергі тарихта қазақ руханиятының көшбасшысы, көсемсөзші хәм көреген білгірі, абырой-беделі, алтын дінгегі бола білген Аханның, Ахмет Байтұрсыновпен жерлестігі өз алдына бір басқа да, сол Байтұрсынов пен Сағадиевтің аталас-ағайынды болып келері зор мақтаныш әрі зор абырой болса керек-ті. Әлі де болса Алаштың Ахметінің өз дәуірінің қойнауы мен тарих еншісіне сыймаған сом тұлғасы түгелдей танылмай отырғандығы және де ұлт көсемі ретіндегі де өз бағасын толық ала алмай келе жатқандығы да Кенжеғали ағаның бір бүйіріне шаншудай болып қадалып келе жатқаны да бар.

Көне Торғайдың қасиетті де киелі топырағынан жаратылып, түлеп ұшқан кешегі Ахаңдардың, Ахмет Байтұрсыновтың бүгінгі дәстүрлі жалғасы, солардың көзі іспетті Кенжеғали Әбенұлы Сағадиевтің өз өмір жолы да, тағдыр талайы да, тамаша ғұмырнамасы да кез-келген жан иесін қызықтырады да, сүйсіндіріп, таң қалдырып, тамсантады да ақиқат.

Академик Кенжеғали Сағадиев жөнінде бірер сөз



**Әбдісағит ТӘТІҒҰЛОВ,
Мәдениет қайраткері,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты**

Менің Кенжекеңмен алғашқы кездесуім Мәскеудегі Ленин атындағы мемлекеттік кітапханада болды. Диссертациялық жұмысымды жазып жүрген кезімде Мәскеуге жол түсе қалса, сол кітапханаға (қазір Ресей мемлекеттік кітапханасы) баратынмын. Бұл сол кезде дүниежүзі бойынша үлкен кітапханалардың бірі еді. Даңғарадай ғимараттың іші қай кезде барсаң да құжынаған халық! Тапсырыс беруге ұзын-сонар кезекке тұрамыз, бірақ кітапхана жұмысының жақсы тәртіпке келтірілгені болар, кезек тез өтетін. Оқырман залдарының тыныштығы соншалық, айналадағы кітапқа шұқшиған адамдар мүсінге айналып кеткендей көрінетін, тек ара-арасында кітап парақтарының ашылған дыбыстары ғана естіліп қалады. Осы қимылсыз тыныштыққа зал ішінде қоларбаларына кітаптарын салып алып, оқырмандарға таратып жүретін кітапхана қызметкерлері жан кіргізгендей болатын. Жыланның арбауына түскен торғайдай кітапқа шұқшып 1,5-2 сағат тапжылмай отырғаннан кейін темекі деген құрғырың алдына салып дедектетіп ала жөнеледі. Қазірге қарағанда сол кезде осы шылым шырмауықтай құрықтаған адамдар көп болған сияқты көрінеді маған. Кітапханада қарапайым тілде «курилка» деп аталатын шы-

лым шеккіштердің «панасы» бар. Залдарда өлі тыныштық болса, бұнда көзге түртсе көргісіз қалың тұман! Кім жоқ дейсің бұл жерде?! Ақ бас, қылаң бас, қасқа бастар темекі түтінінің әр бөлшегін көзге көрінбейтін микроскоппен зерттеп отырған адамдай көзін сығырайтып алып, баптап, ұзақ шегеді. Ал шаштары үрпиген шала бастар жарысқа түскендей, ауа жұтуынан түтін жұтуы жиі болып, қысқа-қысқа сорып алады да темекі тұқылын күлсалғышқа тастай сала жүгіріп шығып бара жатады. Қыз-келіншектер де кездесіп қалады бұл жерден. Курилкада тарыдай шашырап жүргендерің басын бір сәтке тоғыстыратын бір нәрсе бар, ол – күлсалғыш. Астау болмаса да, қазақ 4-5 адамның алдына ет тартатын табақтай көлемдегі шара ортада тұрады, оған жан-жақтан камалаған қолдардың біреуі темекі тұқылдарын әлгі табақтың түбін тесердей мыжғылап, енді біреуі лактыра салып-ақ төбе қылып үйіп тастайды. Сосын тазалыққа жауап беретін әйелдердің бірі табақ алған келіндей күлсалғыш табақты қос қолымен көтеріп әкетіп, ішіндегісін қокыс жәшігіне салып, қайтадан ортаға қояды. Бұл көрініс кітапхана жабылғанша айна қатесіз қайталана береді.

Шылым шаруасын бітіргеннен кейін көңілің жайланып, қайтадан оқуға бас қоясың. Менің диссертациялық жұмысым құрылыс тақырыбында болғандықтан, іздейтінім де соның төңірегіндегі еңбектер. Қаншама еңбектерді басынан аяғына дейін ақтарып шықтым, бір күні қолыма Кенжеғали Сағадиевтің ғылыми еңбегі түсті. Жат жер деуге болмас – ол кезде біз бір одақтың құрамында едік қой, әйтсе де қазақ ғалымының ғылыми еңбегін Ресей жерінде тауып алып таныстым. Оның зерттеу жұмысы халық шаруашылығының қарқынды және тиімді жұмысын жоспарлау, материалдық ресурстарды жеткізуді оңтайландыру және кезенді жүргізу сияқты ауқымды көкейкесті мәселелерді, яғни реформалауды қарастырған еді. Құрылыс, құрылыс индустриясы және құрылыс материалдары саласына қатысты жекелеген нәтижелер мен үшін өте пайдалы болды. Мен осылайша қазақтың біртуар азаматы, ғалым Кенжеғали Сағадиевпен сырттай таныстым.

Кейіннен Алматыда жүзбе-жүз танысып, ағалы-інілі сыйластығымыз әлі күнге дейін жалғасып келеді.

Есте қалған тағы бір кездесу 1994 жылдың мамыр айында болып еді. Тәуелсіздік жылдарында халқымыз өзінің тарихын түгендеп, ақтандақ кезеңдерінің ақиқатына көз жеткізіп жатқан кез.

Ұлт бірлігі үшін басын бәйгеге тігіп, азаттық жолындағы айқастардың алдыңғы шебінде болған батырларымыз бен бағландарымыздың, арыстарымыз бен айбындыларымыздың есімдері жұрт жадына қайта оралған шақ.

Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалысының үзеңгілес жаужүрек батырларының бірі Төлек Жәуке батыр еді. Ол туралы ақын Файзолла -Сатыбалдыұлы былай деген: «Ер Жәуке хан Кенеге ерген екен, Жорықта үзеңгілес жүрген екен. Алысып ақ патшамен он жыл бойы Тағдырдың тауқыметін көрген екен». Осы кісінің есіміне қатысты ел ішінде айтылып жүрген әңгімелер аңыздық сипатынан гөрі нақты ақиқатқа негізделетін. Сол кісінің ерлік өнегесі жолымен талай ұрпақ есейіп ержетті. Батырды бүгінгі ұрпаққа танытатын, ел қамын жеген ерлерімізді ұлықтайтын уақыт келді. Бұрынғы Торғай облысының аумағында мекен еткен оның ұрпақтары құзырлы мекемелерге хат жазып, батыр бабаларының 175 жылдығын республика көлемінде атап өту жөнінде мәселе көтерді. Облыста арнайы комиссия құрылып, олар өздерінің шама-шарқынша дайындық шараларын атқарып жатты. Осы шаруаның тұтқасын ұстауды маған өтініш еткеннен кейін мен бұл жұмысты ұлтқа, ұлт болашағына пайдасы тиетіндей етіп ұйымдастыруды көздедім. Біраз ақпараттар жиналды. Әрине, осыған дейін Жәуке батыр туралы жазылған деректер, мұрағат материалдары, жеке авторлардың мақалалары болды, бірақ олар біріздендіріліп, ғылыми жүйеге келтірілмеген еді. Алматыдағы зиялы қауым өкілдерін осыған ұжымдастыру оңай мәселе емес еді. Сол жылдары Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының президенті болып білгір, айтулы ғалым Кенжеғали Әбенұлы Сағадиев жұмыс істейтін. Нар тәуекел деп сол кісінің қолдауына сүйенуді мақсат еттім.

Сәрсенбінің сәтінде жаныма сол жылдары «Халық кеңесі» газетінің бас редакторы болып жұмыс істейтін, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты Жұмабек Кенжалинді ертіп алып, Кенжекеңнің қабылдауында болдық. Әңгіменің мән-жайын зейін қойып тыңдаған ол, бір кезде «Қарға» дастанынан үзінді оқи жөнелді.

Осы жерде Қарға атынан ер Жәукенің біраз ерлігінен сыр шертетін атақты Нұрқан ақынның дастаны екенін білетін боларсыздар.

— Ал енді, осындағы шарт жүгініп жыр төгілтіп отырған қарт Мұрат біздің әулетіміздің үлкені болып келеді, — деді ағамыз.

Бұл дастанның авторы Нұрқан Ахметбеков 1963 жылы «Халық ақыны» атағын алған, шығармашылық шеберлігі мойындалған талантты ақын болған. Оның суырыпсалмалық өнері де халықтың ерекше бағасын алып, құрметіне бөленген. Халқымыздың біртуар ақыны Иса Байзақовпен өткен ғасырдың 40-жылдары болған қысқа «кездесу-қақтығысы» әлі күнге дейін ел

аузында жүр. Нұрқан ақынның «Қарға» дастанынан басқа «Есім сері», «Жасауыл қырғыны», «Амангелді», т.б. көлемді поэмалары бар.

Осындай қазақтың мұзбалақ ақыны Нұрқанның өлең жолдарынан үзінді оқыған Кенжекеңнің ел тарихы мен өнері туралы ақпараты да мол, оған деген құрметі де үлкен екенін аңғардым. Жүрекке жылы тиген осы бір кездесу сәтінің әсері күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Ғылым академиясы президентінің қабылдауынан шыққан соң бүкіл шаруаның бәрі орайласып кететініне кәміл сендім. Торғайда өтетін республикалық ғылыми-практикалық конференцияға бас баяндамашы болып барған Тарих және этнология институтының директоры, академик Манаш Қозыбаев жұмысымыздың деңгейін одан сайын көтере түскен еді. Ғұлама ғалым, еліміздің сол кездегі бас тарихшысы Манаш ағамыздың халық тарихынан сыр шерткен сол баяндамасы көпшілікті тебіренгісіз, тыңдаушылардың ыстық ықыласына бөленген болатын. Бұл туралы баяндау бір әңгімеге жүк болар еді.

Тұлғалардың жалғасы

Қазақта оқымысты, ойшыл дейтін қасиетті ұғымдар бар. Көне тарихтың көмбесіне үңілсек, әл-Фарабиден басталатын зерделілер керуені бүгінгі көзі тірі замандастарымыздың көшіне ұласатыны мәлім. Шоқан, Ыбырай, Абай дәстүрі бертін Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтардың кісілігі мен биік азаматтық болмысымен лайықты жалғасын тапқаны ақиқат. Осынау алтын арқау Сәкен, Ілияс, Бейімбет секілді біртуарлардың тағдыр талайынан көрініс тапты. Ал Әлкей Марғұлан мен Қаныш Сәтбаев сынды даналар дәстүрін бүгінде академик деп аталатын дардай атағы бар азаматтар бойынан көргіміз келетіні тағы шындық.

Шынында да, бүгінде академик, профессор деген атақты иемденгендер тізімінен көз сүрлігеді. Ал бүкіл болмыс-бітімінде оқымысты деген ұғымды бойына сіңіріп, соған сай қоғамдық ортадан орын алып жүргендер қатары санаулы екені ешкімге жасырын емес. Әңгіме осы тұрғыдан өрбігенде, бүгінгі таңдағы қазақ ғұламаларының ортасынан өзінің орнын ойып тұрып алған кемел тұлғалы азамат Кенжеғали Сағадиев есімі ойға оралады.

Мынандай ақиқат бар: қадым заманнан бері шырқау биікке, даңқ тұғырына, билік басына жеткен кісілердің екі өрлеу жолымен қалыптасатынын аңғаруға болады. Бірі — мансаптың шырқау биігіне қулық-сұмдықтың сан түрлі айла-тәсілін меңгеріп жеткеннен кейін өз мүддесін күйттеп, өзгелерден оқшауланып қарабасының қамын жағалап кетеді. Ал бұған кереғар екінші біреулері абырой беделдің биігіне



өзінің ақ адал еңбегімен, халқының құрметі мен қалтқысыз сенімі арқасында жетеді. Ондайлар үлкен істің басы-қасында жүреді. Иненің жасуындай болса да көпке қызмет етсем, соңымнан жақсы із қалдырсам деген асыл мұрат жетегінде болады.

Біздің осы ой-толғамымызға өмір жолы өзек болып отырған Кенжеғали Әбенұлы – адал еңбекті өзінің ғұмыр жолының бағдаршамына айналдырған азаматтың бірі. 1938 жылдың ақпан айында Қостанай облысындағы Жангелдин ауданының №1 ауылында дүниеге келген Кенжеғали жас-тайынан алдына үлкен мақсат қоя білген жас өрен болды. Сондықтан да ол өзінің асыл мұратына жетер жолды ілім-білімде, ғылымда деп білді.

Орта мектепті күміс медальмен бітіріп, Қазақ мемлекеттік университетінің экономика факультетіне оқуға түсті. Университетті үздік дипломмен бітірді. Осы ұмтылыс оған Мәскеудегі Г.В.Плеханов атындағы Халық шаруа-шылығы институтының аспирантурасына жолдама әперді. Қатарынан оқ бойы озық жүретін туа бітті қасиеті оның өз әріптестерінің алдында мерейін үстем етті. Аспирантураны да үздік тәмамдаған талантты жас экономика тақырыбында кандидаттық диссертация қорғап, болашағынан мол үміт күттірген зерделі ғалым екенін дәлелдеп шықты. Мұнымен

де шектеліп қалмай докторлық диссертациясын да ойдағыдай қорғап шықты.

Кенжекең туралы оның замандастарының толғана сөз айтпағаны кемде-кем. Әріптестері мерзімді басылымдар беттерінде мақалалар жазды, жаңашыл ғалымның ізденістері туралы ой толғады. Еліміздің заңғар тұлғасы С.Зиманов айтқандай: «Ол Ахмет пен Міржақып сынды рухани күш иелерін өмірге әкелген қасиетті кең-байтақ қазақ даласының ұрпағы екенін ешқашан ұмытқан емес. ...К.Ә.Сағадиев – сирек эрудициялы, үлкен әкімшілік-ұйымдастырушылық және ғылыми-педагогикалық тәжірибесі бар, саф алтындай интеллект иесі. ...Ол еліміздің интеллектуалдары алдында да, студенттердің арасында да өзін еркін сезінетін сирек те батыл шешен. Бұл кісі әрбір адамның жүрегіне жол таба білетін адам». Қуаныш Сұлтанов былай деп жазады: «Қазақ халқының санасында академик – аса ғұлама, білгір, білімпаз, көреген, жаңашыл, жасампаз, жол бастаушы, табиғат, қоғам, қоршаған орта құпияларының кілтін тауып, көріп, сезініп, солардың сырын ашушы ерекше жаралған тұлға». Олай болса көрнекті ғалым, кемел азамат К.Ә.Сағадиев әманда осындай өлшемнен көріне беретін, сол тұғырдан түспейтін аstatөк ағартушы-зияткер, халықтың рухани жол нұсқар шамшырағы, шарболаттай Дарабоз тұлғасы!

Жаңашыл ректор, реформатор ғалым

Кенжекеңнің ғұмыр жолын көктей шолып отырсаңыз, оның негізгі бөлігі ғылыми-педагогикалық, ағартушылық саламен тікелей байланысты екеніне көз жеткізуге болады. Сондықтан да болар өз замандастары оны жаңашыл ректор, реформатор ректор болғанын мақтанышпен ауызға алады. Бұл ретте оның Целиноград ауылшаруашылық институтында ректор болып жүрген кездеріндегі атқарған жұмыстары ойға оралады.

Осында білім берудің модельдік жұмысын енгізіп, бүкіл оқу процесін өз-гертіп жіберу, жоғары білім беруді ғылым мен өндіріске байланыстырып, олардың өзара кірігіп кетуін ұйымдастыру, оқыту әдістерін ең озық деген шетелдік стандарттарға жақындату, одақ бойынша алтаудың бірі болған биотехнологиялық орталық ашу тек қана сарабдал ойлы Сағадиевтің ғана қолынан келетін іс болды. Мұны кезінде республикалық, одақтық мерзімді басылымдар жарыса жазып жатты.

Сағадиевтің соны сүрлеуі озық тәжірибе ретінде үлкенді-кішілі ғылыми-практикалық конференциялардың өзегіне айналды. Осы институтты бас-қарған жылдар ішінде арқа төсіндегі жоғары оқу орнын адам танымастай етіп өзгертіп, сапалық түрде жаңа биіктіктерге көтерді. Сонымен бірге Кенжекеңнің атақ-абыройы да жылма-жыл асқақтап жаңа белестерге жетелей берді. Оның жоғары оқу орнын басқару ісіндегі біліктілігі мен білімділігі, іскерлігі бұрынғы Алматы халық шаруашылығы институты деп аталатын ордалы жерге келгенде онан сайын жарқырай көрінді.

Еліміздің тәуелсіздігі жылдарымен қоса жаңа сипатқа ие болған осы жоғары оқу орны Кенжекең келісімен ендігі жерде Қазақ басқару академиясы деп аталатын болды. Мұнда да жаңа ректордың реформаторлық қасиеті даралана түсті. Оқу процесін түбірімен өзгертіп, еңбек ұжымының әлеуметтік-экономикалық мұқтажын шешу, кафедраларды нарықты экономика талаптарына сай етіп қайта құру батыл қолға алынды. Тыңнан оқу ғылыми кешендері құрылды. Нәтижесі белгілі: университет Қазақстан жоғары оқу орындарының алдыңғы сапынан лайықты орын алды.

Сарабдал ойлы Сағадиевтің осынау жаңашылдық таланты ол 1996-2001 жылдары Қазақ аграрлық университетін басқарған жылдары да жарқырай көрінді. Бұл университет кезінде ауыл-шаруашылығы саласына мамандар даярлайтын жоғары оқу орны саналып келген. Енді оны жаңа заманның жаңа рухына сай өзгерту, бейімдеу кезек күттірмес мәселелердің біріне айналды. Себебі осы институтқа Алматыдағы зоотехникалық-малдәрігерлік институты қосылды.

Осы екі жоғары оқу орнының базасында нарық заманының биік талаптарына сәйкес әлемдік, стандарттарға жауап беретін университет жасақтау оңай шаруа емес еді. Осынау зіл батпан міндетті абыроймен атқару, оның даму, өркендеу мәселелерін кешенді түрде шешу академик Кенжеғали Сағадиев сынды азаматтың ғана қолынан келетін жұмыс болды.

Ал Кенжеғали Сағадиев сынды кемел ойлы азаматтың Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясын басқарған кезеңі айтарлықтай әңгіме өзегі болары сөзсіз. Нарықты экономиканың қиындығы жан-жақтан анталап, қысқа жіп күрмеуге келмей жатқан тұстарда Кенжекең байырғы ғылым ордасының президенті ретінде елеулі мәселелердің шешімін табуға тұтқа болды. Республика басшылығының қолдауының негізінде «Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының мәртебесі және ғалымдарды мемлекеттік қолдау туралы» Республика Президентінің Жарлығы жариялануы көп нәрсені аңғартса керек. Бұл Жарлықтың дүниеге келуімен республиканың ғылыми әлеуетін жаңа биіктерге бастайтын жол ашылды. Жас ғалымдарды қолдаудың жоспары жасалды. Жаңадан ғылыми-зерттеу институттары ашылды. Осы ретте Қарағандыдағы фитохимия институтының қазіргі қадамдары көпшілікті қуантып отырғаны сөзсіз. Бұл институт атағы қазір жержүзіне мәлім.

Академик Кенжеғали Сағадиевтің басшылығымен 50-ден аса докторлық және кандидаттық диссертация қорғалды. Үздіксіз ізденіс пен ұдайы ұмтылыс өзінің зейнетін де беріп келе жатқаны сөзсіз. Айталық, ол 1992-93 жылдардың қорытындысы бойынша Кембридждегі Халықаралық өмірбаян орталығының ұсынуымен Жыл адамы атанды. Бүгінде оның омырауында «Еңбек Қызыл Ту» (1980), «Халықтар достығы» (1986), «Парасат» (2003), «Барыс» (2008) ордендері жарқырайды. Ол – Қазақстанның ғылым мен техникасына еңбегі сіңген қайраткер.

Еліміздің тарихында республиканың 4 бірдей жоғары оқу орнын басқарған басшылар сирек кездеседі. Целиноград ауылшаруашылық институты, Қазақ мемлекеттік басқару академиясы, Қазақ мемлекеттік аграрлық университеті, Халықаралық бизнес университеті сынды айтулы оқу орындарын басқарып, өзін білікті ғалымдығымен қатар іскер басшы ретінде де таныта білген Кенжекең Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясын басқарып, Қазақстан Республикасының жоғары заң шығарушы органдарына екі рет сайланды. Бұндай сирек талант пен талап ұштасқан тұлғаның бойында іскерлік те, азаматтық та болуы заңды құбылыс сияқты.

Сонау 50-ші жылдардың соңында, студент кезінің өзінде-ақ ол: «Экономикасы өркендеп отырған елдердегі сияқты өндірістік қатынастарымызды нарық жағдайында құрсақ бол-

май ма?», «Өндірушілердің еркіндігін тежеп, істің бәрін міндетті түрде жоспарға телудің қажеті не?» деген сияқты батыл, саналы сәулелі сұрақтарды алға тарта білді.

Бүгінде экономист ғалымдардың шаруашылық механизмін басқару мен пайдаланудың өзектілігі туралы оның жасаған болжамдары нарық экономикасына әлеуметтік бағытталған жүйенің қалыпты қызмет етуін қамтамасыз ететін тікелей буынның өзі екендігін айтып жүр. Оның зерттеулерінде көтерілген мәселелер соңғы жылдардағы ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі және Қазақстанның Бүкілдүниежүзілік сауда ұйымына кіруіне байланысты туған перспективаларда өзінің логикалық шешімін тапқаны мәлім.

Қазақстан Республикасы Ұлттық технологиялық даму агенттігінің директорлар кеңесінің төрағасы болған Кенжеғали Сағадиев өзінің еңбек жолын әрі қарай жалғастырып келеді. Тағы да Абайға жүгінсек, ұлы ақын «Жиырма бірінші» қарасөзінде былай тұжырымдайды: «Жатқа мақталсам екен деген елім мақтаса екен дейді. Еліме мақталсам екен деген ағайыным мақтаса екен дейді. Ағайынның ішінде өзі мақтау іздеген өзімді-өзім мақтап жетем дейді» деп ой түйіндейді. Академик К.Ә.Сағадиевтің Пәкістан ұлттық академиясының, АҚШ-тың Нью-Йорк академиясының, Халықаралық жоғары мектеп академиясының мүшесі, Парламент мәжілісінің 3-4 шақырылымдарының депутаты болып сайланғаны және көп-теген халықаралық, отандық университеттердің құрметті профессоры атағын алуы – қазақ ғылымы үшін үлкен мәртебе.

Текті туған жігіттің жары өзіне лайық...

Қазақта «Текті туған жігіттің жары өзіне лайық, керуен бастар жігіттің нары өзіне лайық» деген сөз бар. Абзал ағамыздың осындай құт-берекесін, ырыс-шапағатын шалқытып отырған өзіне лайық жары – парасатты әрі мейірімді жеңгеміз Нағытай Әбітайқызының еңбегі деу керек. Ол кісінің «Жер бетінде қалған із» деген кітабын қолыма алғаннан бір демде оқып шықтым. Кітабын «Бұл кітабымды жүрегіме гүл сыйлап, өмірімді нұрландырған Кенжеғали Әбенұлы Сағадиевке арнаймын» деген сөзінен бастапты. Өзінің ауыр балалығын баяндағандағы мақсаты қазіргі бақытының шын бағасын көрсету сияқты. Нағытай жеңгемізден ердің басын төрге шығаратын нағыз қазақ әйелінің бейнесін көреміз. Аталған кітабында: «Шоқтығын жауыр етіп алмас үшін қас тұлпарын қара шаруаға салмайтын дана халқымыздың түйсігімен күні бүгінге дейін Кенжекеңді күйбең тіршіліктің шаруасына араластырмау қаракетінен танбай келемін. ...Азаматыңның бағы жанып, жолы ашылсын



десеңіз, оны тұлпарды баптап мәпелегендей күтіп, сыйлау керек» деп жазады. Қанша тума талант, қас шебер болса да, отбасының береkesі болмаса жүзі төмендеп, жігері мұқалатыны хақ.

Нағытай жеңгеміздің кітабынан келіндеріміз бен қыздарымыз ұстазының сөзіндей жаттап жүретін жолдарды келтіргім келеді: «Төзген әйел – озған әйел. ...Төзім болмаған жерден сөз шығады. Сөз шыққан жерден көңіл қалысады. Көңіл қалған жерден біреуін жоғалтасың. Жоғалту дегеніңіз – жауласудың, дұшпандықтың басы». Қазақтың «Үйлену оңай, үй болу қиын» дегені де осы төзімділікке мензеп тұрған жоқ па?! Қарапайым, бұйығы тіршілік кешетін адамның бабын табудың өзі қиын, ал ел алдындағы азаматтың жары болу нағыз сынақтың өзі ме деймін. Нағытай жеңгеміздің сөзімен айтсақ, «бұл мыйтың жүріс, бұл күйбең тіршілік Кенжекеңнің тұла бойына жараспайды» деп, бүкіл тұрмыс күйбелеңін өзінің қолына алған жеңгеміз Жаратқанның нәзік жаратылысын да жоғалтқан жоқ. Ағамызбен бірге өткізіп жатқан өмірін барынша баянды қылып келе жатыр. Бір-біріне серік қана емес, қолдаушы дос бола білген осы екі сыйлы жанды Жаратқан адастырмай қосқандай.

Кенжеғали ағамыз бен Нағытай жеңгеміздің осындай адал сезімі мен өнегелі тәрбиесін көрген ұлдары Нұрлан, Ерлан, Ербол әулет атын жақсы істерімен өз елін де, шетелге де танытып жүрсе, немерелері әркез көз сүйініші, көңіл қуанышы. Лайым Алла барлығына ғұмыр берсін!

ҚАЗЫНАЛЫ КӨМБЕ



«Ерге қарап - ел таны» дейді халық даналығы. Бұл сөздің астарында бүгінгі таңда біздер жиі қолданатын тұлғатану ұғымы жатқаны шығар күндей, туар айдай анық. Қазыналы Қостанай өңірінен туған елдің тұтқасына, тұлғасына айналған талай Алаш азаматтары дүниеге келіп, ұлтқа қызметтің сан қырлы саласында жемісті еңбек етті. Олар өздерінің ерлік, елдік істерімен жұрт жадында мәңгіге сақталып қалды. Жан-жақтан жау қысқан жаугершілік заманда Шақшақ Жәнібек батыр сынды айбынды батырлар ел қорғаса, бейбіт өмірдегі бәсекеден халқымыз шет қалмасын деп оқу-білім, ілім жолындағы Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Е. Омарұлы сынды қайраткерлердің жасампаз еңбегі – қалың қазаққа аян.

Білім-ғылым саласында жүргендіктен, ол кісінің аталмыш салада атқарып жүрген еңбектеріне, ғалымдық, қоғамдық, қайраткерлік қызметіне тәнтіміз. Туған жерге деген қамқорлықтың жарқын үлгісін Кенжеғали ағаның тірлігінен, қам-қарекетінен көріп, үлгі тұтуға болады. Ол кісі - Қостанай өңірінен шыққан елеулі тұлғалардың есімі мен қызметін ел есінде қалдыруға, санада сақтауға мол үлес қосып, өзінің атақ-абыройын ел игілігіне жұмсап, туған жердің мерейін асыруға ғалымдық та, қайраткерлік те қажыр-қайратын салып жүрген тұлға. Кешегі кеңестік

дәуірде өзге жұрттың саны мен салмағы өлшеусіз артқандықтан тарихы мен руханияты көмбеде көміліп қалған Қостанайдың егемен, ордалы елдің ортақ қазынасына қайта қосу – оңай шаруа емес. «Ер болсаң, боспаға шыда» деп жазады Мәшһүр Жүсіп. Мәшекеңнің «боспа» деп отырғаны ашық майданда қару ұстап сынасатын шайқас емес, мылтықсыз майдандағы талас-тартыс, яғни рухани майдан жолындағы күрес.

Елбасы Н. Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасының басты бағыттарының бірі туған жерге қатысты мәселелерге құрылған. Туған жер – қазақ баласы үшін ең қадірлі құндылықтардың зоры. Қазақтай туған жерін қадірлейтін халық кемде-кем. Ешбір халықта «кіндік қаным тамған туған жер» қасиетті сөз тіркесі жоқ, себебі біздің халық туған жеріне кіндігімен байланған. Сондықтан Президент бағдарламада қазақстандықтардың отаншыл сезімін арттыру үшін туған жердің тарихи, географиялық, биологиялық қадыр-қасиетін, танымал тұлғаларын тану жайында келелі ойларын ортаға салды, жаңа міндеттер белгіледі. Бұл міндеттерге әрбір азамат өз шама-шарқынша үлес қосуы тиіс. Академик Кенжеғали Әбенұлы Елбасының үлгілі сөздеріне ерекше үлес қосып, туған жерінің, елінің мерейін асыруға ерекше үлес қосып келеді. Оның тікелей қамқорлығы



мен қолдауының арқасында Шақшақ Жәнібек батырға Қостанай қаласында, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлына Әуликөлде ескерткіш орнатылып, тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Білім министрі Ш.Шаяхметке облыс орталығынан көше атауы берілді. Мұндай іргелі, салмақты істер елдің иесін танытуға, рухын көтеруге, киесін қайтаруға қосылған маңызды істер екендігі анық.

Қостанайдың әуе дарбазасы-аэропорттан қалаға кіретін күре жолдың бойында қазақ жерін жат жұрттың басқыншылығынан қорғаған Шақшақ Жәнібек батырдың атқа қонып, қырағы қарап тұрған ескерткіші өңірге аяқ басқан кісілерге бұл жердің иесі бар, қорғайтын киесі бар деген түсінікті мегзейтіндей... Өткен ғасырдың 20-жылдары кеңес үкіметі жері шұрайлы, құнары қаспақты Қостанайды Ресейдің Челябинск губерниясына қоспақ болғанда, Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы бастаған Алаш азаматтары басын қауіп-қатерге тіге отырып, қазақтың қаны төгілген, ел қорғаған батырлар тұлпарының тұяғы дүбірлеген қазыналы өлкені Қазақ автономиясының құрамында алып қалған еді. Бұл тарих – көзі ашық, көкірегі ояу қазаққа мәлім. Сол тарихты көкірегіне сақтаған, көңіліне түйген әрбір азамат Шақшақ Жәнібек батырдың еңселі, асқақ ескерткішіне қарап, шүкіршілік айтып, рухын түзейтіні анық!

Киелі жердің рухы ерлердің жаугершілік замандағы батырлығымен қатар. Айтулы

тұлғалардың бейбіт өмірдегі жасампаз тірліктері арқылы да сақталады. Танымал тұлғалар атқарған жасампаз тірліктер елдің рухын сауықтырады, салмақты істерге мұрындық болып, ұлттың руханиятын құрайды. Руханият – елдің сауыты. Ал сауыты мықты жұрт – Мәңгілік ел. Алаш зиялыларының алтын бесігі Торғай-Қостанай – қазақ руханиятына өлшеусіз үлес қосқан өлке. Бұл әрбір қазаққа мәлім, әрі ыстық ұғым. XX ғасырдың басындағы аласапыран дәуірде «Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады», «Адамға ең қымбат нәрсе – жұрт қамы, жұрт ісі» деген тағылымды ұрандар Торғай даласынан шыққан еді.

Біздер қызмет жасайтын А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай мемлекеттік университеті Кенжеғали ағаның жиі бас сұғатын, сырлы, тағылымды кездесу жасайтын орны. Әрине, тағылымының басты тұтқасы – Ахмет Байтұрсынұлы. Кенжеғали Әбенұлы – ұлт ұстазы Ахаңның мұрасын, есімін ардақтауға ерекше үлес қосып жүрген ғалым, қайраткер ұйымдастырушы. Қазір, шүкір, ахметтанушылар қатары мол. Десек те, өзіміз куә болған бір оқиғаны тілге тиек етпекпіз.

2016 жылы А.Байтұрсынұлының ұрпақтары Әуликөл ауданының орталығына ұлы тұлғаға ескерткіш орнатып, ас бермек болды. Іс-шараны ұйымдастырушылардың бірі – Ағытаев Ибрагим ақсақал. Бұл кісіні Ахаң мұрасын зерттеп жүрген өлкетанушы ретінде қатты құрметтейтінбіз. Ибрагим ақсақал Ахаңа қатысты шаруаның қамымен жаз мезгілі басында маған жолықты. Ол кезде біздер университетте оқу және тәрбие проректоры қызметінде болатынбыз. Соның алдында ғана, көктемде Ә.Бөкейханның 150 жылдығына орай республикалық деңгейдегі конференцияны ұйымдастырып, университет ауласынан Торғай-Қостанай өңірінен шыққан Алаш зиялыларына атап арнайы жас көшеттер отырғызып, «Алаш аллеясын» ашқан едік. Конференцияға бастан-аяқ қатысқан ақсақал сол атқарылған істерге оң баға бере отырып, Әуликөл елді мекенінде жоспарланып отырған шараларға ат салысуға шақырды. Айтуынша, бірнеше басшы кісіге барып, қолдау сұраған. Барлығы «құтты болсыннан» әрі аса алмапты. Енді Кенжеғали Әбенұлы Сағадиевке шықпақ екен. Мен ұсынысты қабыл алып, ас барысында ұйымдастырылатын конференцияның жинағын шығарып беруге уәде бердім.

Көп ұзамай ақсақал маған телефон соғып, Кенжеғали Әбенұлының кеңесімен іс-шара кейінге жылжып, қыркүйек айының басы, Ахаңның туған күніне қарай ұйымдастыру туралы шешім қабылданғанын айтты. Бұдан арғысын біздер өз көзімізбен көрдік, ішінде болдық.

Әуликөлде Ахаңа ескерткіш ашу облыс көлемін былай қойғанда, республикаға танылған ауқымды шара болды. Алаш арыстарының ескерткіштері аудан орталығына да жете бастағанына халық



шүкіршілік етті. Даңқты жерлесіміздің көзі тірі туыстары Әулікөлге Алматыдан арнайы келді. Мүсінші маманның қолынан шыққан Аханның ескерткіші ауданның қақ орталығында ашылып, үлкен конференция ұйымдастырылды. Конференция жұмысына Алматыдағы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры М. Малбақов, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры Х.Әбжанов, Ахат атындағы музей директоры Р.Имаханбет, Астанадаң ақын С.Тұрғынбек және жергілікті ғалымдар қатысты.

Конференцияға Кенжеғали аға модератор бола отырып, көп тағылымды ойлар айтты. Өзі арнайы баяндама жасап, Аханды әлемдік ойшылдар қатарынан орын алатын ғұлама ғалым деп бағалады. Қоғамтану ғылымындағы К.Маркс пен А.Байтұрсынұлының пікірін салыстыра талдаған ойларын ортаға салды. «Ұлт перзенті Аханды қалай бағалай білуіміз керек? Ахмет Байтұрсынұлы өзінің ойшыл-ғұламалығымен әлем деңгейіне көтеріле білді. Оны әлем ғұламаларының деңгейіне көтеріле білген ұлтымыздың кемеңгері дегеніміз дұрыс емес пе!?», - дей келе, ұлт ұстазының 150 жылдық мерейтойын ЮНЕСКО шеңберінде атап өтуге бүгінгі күннен бастап қамқаракет жасау қажеттігін алға тартты.

Бір қызығы, қазақ тарихында елге еңбегі сіңген тұлғалардың мерейтойын ел-жұрт болып атап өту Алаш қайраткерлерінің тұсында алғаш көрінген құбылыс. 1923 жылы Орынборда қазақ зиялылары Ахмет Байтұрсынұлының 50 жылдық мерейтойын атап өтеді. Ендігі үлкен меже – 150 жылдық мерейтой.

Академик ағамыздың баяндамасын тыңдай отырып, ол кісінің Ахана деген құрметінің тереңдігіне, Алаш қозғалысының тарихына деген білімнің кеңдігіне разы болдық. «Жақсыда жаттық жоқ» дегендей, Кенжеғали Әбенұлының маңына облыс орталығының маңдай алды азаматтарын былай қойғанда, Алматы, Астанадаң келген кісілердің үйіріліп, шүйіркелесіп жүргеніне куә болып,

танымды, тағылымды әңгімелерін тыңдадық.


Көне діни тәмсілдерде «Ең бірінші сөз болған» дейді. Кезінде «Сөз түзелді, тыңдаушым, сен де түзел», - деп хәкім Абай жар салған еді. Біз тәуелсіздіктен бастап ұлт мәселесінде сөзі түзелген елміз. Көлдер шоғыры үйір болып жиылған Әулікөлден бастау алған сөз-бастама ЮНЕСКО тізгінін ұстаған кісілердің құлағына біздің үкіметтің атынан уақытында жетіп, еліміз ол істі абыроймен атқарады деген үміт жұртшылықтың көңіліне орнықты. Себебі ол шаруаның артында жанашыр азаматы, ал оның соңында қолдайтын жұрты бар.

«Жақсы кісі көрінер жыл құсындай» деген екен Сүйінбай бабамыз. Қоғам қайраткері Кенжеғали Әбенұлы Сағадиевті қостанайлықтар әрдайым жыл құсындай күтеді. Себебі ол - пайым мен парасаттың, даралық пен даналықтың үйлесімін бойына орнықтырған, жан-жағына шуақ шашатын, жақсылықтың нышанындай қабылданатын тұлғаға айналған жан. Қазақтың «ел ағасы» деген тіркеске сыйғызған түсініктері Кенжеғали ағаның бойынан кешкі самал желдей есіп, таң алдында туатын Шолпан жұлдыздай жарқырап тұрады.

Алаш зиялыларын ардақтап жүрген азаматтың да өз мерейтойы Алланың қалауымен, бұйымыстың жөнімен болып жатыр. Еліне қалтқысыз қызмет етіп жүрген академик Кенжеғали Әбенұлы сегіз ондық белесіне сергек көтерілді. Ер мерейі – ел мерейі. Ал мерейі асқан елдің еңсесі биік, талғамы терең, арманы асқақ. Ел ағасына «жұрт қамы, жұрт ісі» тірлігінде атқарып жүрген қам-қаракетіне, жасампаз істеріне толағай табыс тілейміз!



Алмасбек ӘБСАДЫҚ,
филология ғылымдарының докторы,
А.Байтұрсынұлы атындағы ҚМУ
профессоры



Жақсы жаңалық

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Гүлшара Әбдіқалықова «Reforms in Kazakhstan: An analytical View» атты кітапты таныстыру рәсіміне қатысты

«Reforms in Kazakhstan: An analytical View» атты кітаптың авторы – Қазақстанның белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, жоғары мектеп пен ғылым ісінің көрнекті ұйымдастырушысы, экономист ғалым Кенжеғали Әбенұлы Сағадиев.

Іс-шараға мемлекеттік органдар, ғылыми және шығармашылық қоғамдастық, бизнес өкілдері, жоғары оқу орындарының ректорлары, сонымен қатар профессорлар мен оқытушылар құрамы және еліміздің студенттер қауымы қатысты.

Мемлекеттік хатшы құттықтау сөзінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың стратегиялық бағдарының маңызды басымдығының бірі отандық ғылымды дамыту екенін атап өтті. Мемлекет басшысы бүкіл Тәуелсіздік кезеңінде ғылымға және ғалымдарға әрдайым қамқорлық жасап, елдегі академиялық және қолданбалы зерттеулерге жан-жақты қолдау көрсетіп келеді.

Тәуелсіздік жылдары ғылыми қызметті басқарудың жаңа моделі, ғылымды қаржыландырудың заманауи тетіктері енгізілді. Мәселен, 2016 жылы 23 мың ғалым және 383 мекеме ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айна-

лысты. Жалпы, бұл салаға 38 миллиард теңге жұмсалған.

Гүлшара Әбдіқалықова бұл монография тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан экономикасының маңызды мәселелерін талдауға арналғанын, сондай-ақ онда автордың қоғамымызды дамыту барысындағы түрлі аспектілерге қатысты пікірі қамтылғанын атап өтті. Бұл еңбек бүкіл әлем үшін хрестоматияға айналып отырған Қазақстан жолын тереңнен толғайды.

Кітап тек біздің елде ғана емес, шет елдерде де кеңінен талқыланып, лайықты бағасын алды. Мәселен, Кембридж университетінің профессоры Сидхарт Саксен бұл еңбектің посткеңестік кеңістіктегі реформалар жөнінде нұсқаулыққа айналғанын атап өткен. Ал Мәскеу мемлекеттік университетінің профессоры Александр Бузгалиннің ойынша, бұл басылым – барлық мемлекеттер өз тәуелсіздігінің бастапқы жылдарында тап болған жаһандық сын-қатерлерді еңсеру ережелерінің өзіндік бір жиынтығы.

Іс-шара соңында Мемлекеттік хатшы Г.Н.Әбдіқалықова академик К.Ә.Сағадиевке мықты денсаулық, бақ-береке, жаңа шығармашылық табыс тіледі.

Жақсы лебіз - жарым ырыс

Әбіш КЕКІЛБАЙҰЛЫ,
Қазақстанның Еңбек Ері,
Қазақстанның халық
жазушысы

Қабылсаят суындай шарапатты дәмге ие қасиетті Торғайдың мөлдіріне қанып, қазақтың іргесін бүтіндеп, туын тіктеген Жәнібек Қошқарұлының өрбіген алтын тамырынан түйнек салған мәуеге лайық нәрлі де нұрлы дәурен кешіп келесіз. Ұлтымыз ең қиын өткелектерден өтіп, ең биік мерейлерге жеткен жиырмасыншы ғасырдың әрі сүрең, әрі терең тарихында Абай, Ахмет, Шәкәрім, Міржақып, Мағжан, Әлихан, Қаныш, Мұхтар, Бауыржан, Әлкей, Сәбит, Ғабиттер ат байлаған асқақ абырой сөресіне өз тұлпарыңызды сіз де бекем байладыңыз. Алдыңыздағы бабаларыңыз бен ағаларыңыздай бәріне де өзіңіздің емес еліңіздің, өткіншінің емес мәңгіліктің қамын жеген қажырлы еңбегіңізбен, саф талантыңызбен, сақи адамгершілігіңізбен жеттіңіз.

Жиырма бірінші ғасырға Тәуелсіз Қазақ Мемлекетінің ірге тасын қалаушылардың, Азат Қазақ ұлтының рухани көсемдерінің бірі болып аттап отырсыз. Өкінішіңіз жоқ. Арманыңыз көп. Дегеніңізге жетіңіз! Аға жасындасыз. Баба жасына келіңіз! Асқар таудың басындасыз. Ұшақты да көріңіз! Дүние тұрғанша тұрыңыз!



Шыңғыс АЙТМАТОВ,
Социалистік Еңбек Ері,
Қырғызстанның халық
жазушысы

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Кенжеғали Сағадиев XX ғасырдың диалектикасы мен қарама-қайшылықтарының, утопиясы мен антиутопиясы, социализмі мен антисоциализмінің күрделі мектебінен өткен қазіргі кезең ұрпағының, демократия мен ұлттық көксеулер жолында өткерген және өткеріп жатқан өзінің рухани өзегіндегі қобалжуларын, қарама-қайшы қарсылас дәуіріміздің өзара ықпалдастығын сезінген ұрпақтың тарихындағы қайталанбас ғажайып өкілдерінің бірі





Нағашыбай Мұқатов

Жүзінді жүз көрейін

**Жерлесіміз, академик, қоғам қайраткері
Кенжеғали Әбенұлы Сағадиевтің
80-жылдық мерейтойына жыр-шашу**

Тамсандым тарлан табылса түз, өңірден,
Күмәнім ілгерілемей іле үзілген,
Ақкөлде кіндік қаны тамған қазақ
Бақ-көлде, бақ-теңізде жүзе білген

Алаштың айшықты ізі атырапта,
Жеткінішек жалт қаратқан жапырақ па,
Бала жастан бәтеңке кимей тұрып
Табаны тиген Ахаң жүрген топыраққа

Ештеңені, ешқашан алыс деме,
Нар толқынды лақтырған намыс-кеме,

Кенжеғали болғанмен есімі оның
Кенже қалып көрмеген әр істе де

Тәңір өзі сыйлаған сөнбе жарық,
Төмендеуден сақташы өрлеп алып,
Титтейінен түк жаутаңдамай табалдырықта
Төрелермен жайғасты төрге барып

Жүйткүі желдей бұл Торғайлық торының,
Көбі бұлтсыз көрініп тұрған көгінің,
Қазақта академиктер азын-аулақ
Топты жарды, ойып алды орынын

Әлеумет әрекетті біліп алғын,
Сары дәптер тірліктен сыр ұғамын,
Бөтенің бетін бұрса бір ганибет
Шетелім шын мойындаған ірі ғалым

Бақыт бар ма басына бай даладай,
Табысына табыстыр таңдағы арай,
Бидай сортын ойлап, тауып, сұрыптап
Бидай өңі жапанда жайнағаны-ай

Бастарын қарттар түгіл, бала да иіп,
Басқадан байқауымша дара ма иық,
Ректор, депутат, қайраткер қалпы бөлек
Саясат сары алтыны Сағадиев

Арғы баба аманатын жастан түсін,
Абырой азаматыма аспанбысың,
Қостанайым қос қолын соқты сансыз
Шақшақ Жәнібекке тұрғызып тастан мүсін

Бәйгеде ауыздықпен алыса дара шап та,
Қарашы қайталанбас бала шаққа,
Байырғы байтақ елдің бас экономисі
Барады алып адыммен болашаққа

Көп көрдім атақ, даңқтан дәмеліні,
Бұлтты бұзған сәулелі кәне күні,
Маңдай термен малынды марапатқа
Қабілеті қанат болған Әбенұлы

Үкілі үміттері үзбей қонсын,
Үйіне үлкен лебіз гүлдей толсын,
Қиындықты палуандай алып ұрған
Қарттарым сексендегі сіздей болсын

Тірлікте өз теріңмен өрнек сала,
Жалғанда жалт бұрылма, жалтақтама,
Жүз жастағы жүзіңді жүз көрейін
Кенже аға, көркем аға, көрнекті аға





Әсия Беркенова
Қазақстанның Халық ақыны

Биіктеттің туған елдің беделін

Тарих өзі таңбалаған дала бұл:
Қыратына қорік берген лалагүл
Торғай—Тобыл бесігінде тербелген
Сеңгір жасқа толды міне дара ұл.
Демес ешкім көп ұланның бірі едің:
Жастық жсалын талабыңмен ірі едің.
Білім құған арманыңмен қанатты,
Алатауға күрең басын тіредің.
Әулие жер ұландарын ұлық дер,
Қастерлеумен қасиетін ұзыпты ел.
Тілекші боп қалған еді өзіңе
Жеті бірдей жасудіреген тұнық көл.
Зерттеп зерлі ғылымның сан бедерін,
Зерделедің тарихтың сыр, дерегін.
Жарты әлемге мойындатып өзіңді,
Биіктеттің туған елдің беделін.
Самал болып есілетін қыр әні,
Бабалардың жайлы мекен—тұрағы,
Сол мекеннен түлеп ұшқан бозторғай,
Бүгін міне алашының қыраны.
Беу, нағашы, сеңгірден өт сүрінбей,
Мінезің бар мақпал иіік түгіндей.
Елге сіңген еңбегіңнің салмағы
Салиқалы, сезіз атаң жүгіндей.
Тегің мықты теңелетін асылға.
Бақыт құсы нық отырып басыңда,
Өнегелі өміріңмен үлгі боп,
Ғибратыңмен құрдас болшы жасырға.

Серік Тұрғынбекұлы

1946 жылы бұрынғы Торғай облысы Жангелдин ауданында туған. «Қобыз», «Кекейкесті», «Жүрегімнің сәулесі», «Кеш келген көктем» т.б. ондаған асқақ ақындық еңбектерінің авторы. Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты.

Ақынның көрнекті қоғам қайраткері Кенәзғали Сағадиевке арналған поэмасын оқырман назарына ұсынып отырмыз.



МҰРАҒЕР Бастау

Торғайдың
Тусыраған құба белі,
Топырағын түртіп қалсаң шығады Ері.
Тамыры –
Қарт Жәнібек,
Ахаң-Жахаң –
Жалғасқан ғасырларға –
Мұрагері.
Мен-дағы жырға қостым бір ағаны,
Жанымның жарқыраған шырағы еді.

Алауға айналдырсам сол шырақты,
Болмай ма көңіл-күйлі, жан-шуақты.
Жыр жазсам –
Далам жайлы,
жаһан жайлы,
Қашан да тау-тұғырлы,
Көл – құрақты.
Толғатып сол тұлғаны тебіренгенде,
Тоғысып,
Тоқсан тоғыз саласына,
Торғайдың өзендері

Толқып ақты.
Қарт Торғай!
Қандай ғажап төсі неткен?!
Таңданып,
Көрген жанның есі кеткен.
Еңкейіп суын ішіп
Ер Едіге,
Әскері Шыңғысханның кесіп өткен.
Кең жайлап,
Кенесары мал семіртіп,
Өлкейік – Қабырғаны кешіп өткен.
Қырандай
Ұлытауға ұя салып,
Аң-құсын атып алып несібе еткен.

Тарихқа ізін салып, соқпақ-өрлер,
Абатын
Асанқайғы жоқтаған жер.
Мәскеуді шаппақ болып,
Бара жатып,
Тоқтамыс ат шалдырып
Тоқтаған жер.

Ұлытау –
Ұлар жайлап, бақ тұнған жер,
Талайға бал бұлағын
Таттырған жер.
Басталып
Бұландыдан қырғын шайқас,
Қалмақтың қанын дірдек қақтырған
жер.

Қазына келе жатқан гасырынан,
Абайлап атқа қонған асыл ұлан.
Қалың тал, ну қамыстың арасында,
Бір кезде жолбарыстар жасырынған.

Тынысы –
Тамыр тартып,
Ен Арқадан,
Асыл су –
Асығады ел аңсаған.
Шығысқа
Шұбатылған Торғай-өзен,
Саласы тоқсан тоғыз – тарам – тарам.

Сөйлеген домбырадай тиегімен,
Алтындай бу шығарып сүйегінен.
Сарторғай,
Қараторғай қосылып ап,
Сарнайды –
Сарыарқаның жиегімен.

Жасыл бел –
Жыл аяғы,
Жыл басы да,
Ағады құшағына сыр жасыра.
Біреуі сол өзеннің
Жыланишақ-ты,
Ақкөлге
Құятұғын жылда асыға.

Торғайдың кең төсінен көсіле ағып,
Құлайды Ұлытаудан басын алып.
Жатады айдынды Ақкөл жайбарақат,
Жыл сайын
Жыланишақты тосып алып.

Халықпыз сияпатқа-сыйға шебер,
Әйтпесе,
Жоғалғандай қимас өнер.
Арнасы –
Құрғап мүлде,
Қаңсып қалар,
Жыланишақ
Ақкөліне құймаса егер.

Сондықтан –
Жыланишақты Ақкөл аңсап,
Жатады алаң болып,
Көктем келсе-ақ.

Содан соң мәре-сәре,
Жағасында,
Жайқалып
Жасыл құрақ –
Құстар ән сап.

Құлауы –
Жыланишақтың үлкен думан,
Мәз-мейрам.
Басын қосып туыс-туған.
Қырында жылқы жайып,
Қой қайырып,
Арылмас айналасы
Айқай-шудан.

Туған жер қасиетін біледі елі,
Перзенттің сол емес пе тілегені?!
«Жыланишық» шығыс жақтан жүйткіп
келіп,
Ақкөлдің алқымына тіреледі.
Ел-жұрты бұл араны
«Саға» дейді,
Құндыздай алтын тонға жаға дейді.
Қадірін айтып ешкім жеткізе алмас,
Берсе де қаниа жерден баға мейлі.

Даланың қандай жақсы гүлденгені,
Гүлденіп кең жайлауға тұр бергені.
Балағын түріп алып
Бала Ахмет,
Тай мініп,
Тайдай тулап жүрген жері.

Айнала шабындығы қаулаған жер,
Әр үйдің ошақ оты лаулаған жер.
Тұнықта жүзіп жүрген шабақты
ұстап,
Ақкөлдің ақ құмында аунаған жер.

Сағада,
Сол Ақкөлдің алқымында,
Тамаша туған елдің салты мұнда.
Жағасы –
Жыңғыл,
Жейде,
Жасыл құрақ.
Жыланишық жасырынған қолтығында.

Жыл сайын қалың қамыс арасында,
Қыстайды
Көшіп келіп ел осында.
Қамысты пана қылып,
Малын жайлап,
Жан сақтар –
Отын қылып ағашын да.

Арқаның
Ақпанында –

Қысты күні,
Аяздың шыдатпайды үскірігі.
Содан ба,
Сол аяздың ажарында,
Азырақ байқалады сұстылығы.

Әйтсе де,
Көрінгенмен сырты сұсты,
Байқалар
Бір жылылық жанында ішкі.
Ал оның есесіне,
Елден ерек,
Бойында қайрат-жігер қандай күшті?!

Кенжекең – келді өмірге ақпандатып,
Жабыққан
Жанарлардан
Жас парлатып.
Кешегі
Құғын-сүргін заманында,
Қайтадан оралғандай
Қаиқан бақыт.

Қайтадан оралғандай
Бақ-береке,
Қайтадан оралғандай
Шат-мереке.
Жаз болса,
Ат шаптырар реті бар,
Қыс болып,
Қиналып тұр,
Әттең, Әке!

Ақкөлдің
Алқымында
Аз ғана ауыл,
Секілді артта қалған
Кездер ауыр.
Бір шеті Шөптікөлде,
Қарақұмда,
Тосынның тұмсығында – өзге бауыр.

Өзінің әбе қоңыр дәулетімен,
Екі-үш үй,
Әлеуеті –
Әулетімен.
Сағади –
«Сағаны» кеп
Сағалайды,
Арылып ауыр тұрмыс – жан дертінен.

Болған соң мал қоралап,
Күн батарда,
Басталды шай үстінде шілдеhana.
Қысылмай
Қысыр тайын шалды әкесі,
Қаужайтын заман емес күнде қалжа.

Білгенге –
Бұл бір дәурен,
Бұл бір – бақыт,
Келмейді жолаушы да күн құрғатып.
Ән салды бір-екі әйел,
Басын қосып,
Бір еркек
Домбырасын дыңғырлатып.

Тапқан сәт
Тойдың толас – бір тағатын,
Өлеңін айтып жүрген шырқап әркім.
–Ассалаумағалейкүм! – деп ойда-
жоқта,
Жарқ етіп кіріп келді
Нұрхан ақын.

Жанғандай бола қалды үйде шырақ,
Ауыл-үй отырғанда басын құрап.
Ол-дағы бір әйдігі –
Әлімбеттің,
Қасында атышулы
Ақсақ Мұрат.

Мүрекең Сагадидің туысқаны,
Үйінде жатсын қалай тыныш тағы.
Келген соң дүниеге
Қуанышты –
Әулеттің тағыда бір
Ту ұстары.

–Сағатай! – деді Нұрхан еркелетіп,
Қасыма ап,
Қарт Мұратты желкелетіп.
Келді деп кінәлама түн ішінде,
Қашан да ауыл үйдің әдеті зой.
Кеш келіп,
Жататұғын ерте кетіп.

Әдейі келдік беттеп бұл ауылға.
Кәдік жоқ ән мен күйдің ұнауында.
Осы үйде –
Шілдеhana тойын тойлап,
Боламыз үш күн бойы шылауыңда.

Сағади орынынан тұрды атып:
–О, тәубе, басын бізге бұрды бақыт.
Ықылас өздеріңде кетсеңдер де,
Қонақ боп үш күн түгіл
Үш ай жатып.

–Біз мұнда қонақ болып келгіміз жоқ,
Алыстан ат арытып, желгіміз жоқ.
Өзіңдей сөзі байсал, өзі жайсаң,
Ініні таба алмасын елден іздеп.

Ел аман,
Дүние тыныш,
Далам дархан,

Жүреміз
Сіздей жанды етіп қалқан.
Сәбидің шырылдаған үнін естіп,
Қалайша үйде бұғып, қарап жатам.

Атамыз араласқан бауыр едік,
Бір қонып,
Бірге көшкен ауыл едік.
Бергелі келіп тұрмыз
Батамызды,
Болсын деп, –
Балапанның бауы берік!

Сағади қалғаннан соң жөні келіп,
Орнынан атып тұрды тебіреніп.
Азасын бауырына баса берді,
Жас іркіп жанарынан еміреніп.

Екеуі бірге түзеп әннің көшін,
Мұндайда көңіл өсіп,
Жан гүлдесін.
Азытты Нұрхан
Торғай толғауларын,
Қарт Мұрат–
«Қарға ұрының» әңгімесін.

Ақкөлде,
Атамекен төсіндегі,
Мерейін ауыл-елдің өсірді енді...
Осылай
Кенжеғали жас сәбидің,
Кіндігі ән-жырменен кесілген-ді.

Шөптікөлде

Оқушым!
Болып па едің Шөптікөлде,
Шөптікөл
Құшақ жайған тектілерге.
Қыс өтіп,
Жадыраған көктем келсе,
Бейне бір оранғандай көк кілемге.

Жас бала мал қайырған таяғымен,
Қияға қос қанатын жаяды кең.
Қаптаған қызғалдақты
Қыр төсінде,
Басуға аянады аяғымен.

Ақкөлдiң естен кетпей айдыны әлі,
Басылмай бала көңiл – тай құмары.
Аңдардың маңайына бармақ түгiл,
Құстарды үркітуге қаймығады.

Тентекті ұнатпайды таяғы үстем,
Жасаған әлдекiмдер аяр iстен.
Тiршiлiк қыбыр еткен атаулының

Бәріне қарайды ол –
Аянышпен.
Бiлiмге
Құлаш ұрып тұнық –терең,
Көңiлiне қонақтамай күдік деген.
Бозбала
Бозда ойнаған сәби сезiм,
Бәріне қарайды ол үмiтпенен.

Бәріне қарайды ол адалдықпен,
Жаны қас жас күнінен надандықпен.
Аялап, мәпелеген
Ата-ананың,
Үлкейсе –
Үміті көп одан күткен.

Сабақта –
Нағыз өзі алымдының,
Жастық шақ –
Бос жібермей жалын күнін.
Ертеңге қалдырмастан еткен ісін –
Дайындап қояды ол бәрін бүгін.

Біледі –
Алғыс барын,
Бата барын,
Қалт етіп,
Қате кетсе,
Қатал әр күн.
Жүрегін елжіреген байқап – сезіп,
Тілегін екі етпейді
Ата-ананың.

Қар күреп, таңнан тұрып,
Мал жайлайды,
Түсініп қабағынан қандай жайды.
Кей күні қой күзетіп,
Түні бойы,
Ит-құсты ығыстырып айғайлайды.

Күні-түн кітаптан бір бас алмайды,
Ойыннан да сырғақтап қаша алмайды.
Оқитыны –
Ертегі,
Ерлік дастан,
Бұқар жырау,
Баяғы Асан қайғы.

Содан кейін –
Нұрханның дастандары,
Ең алғашқы мектептің баспалдағы.
Сырбайдың да жырларын сығалайды,
Ай мен күнді жырлаған
Аспандағы.

Тағы басқа пәндерге алаңдайды,
Есепті де шығармай қала алмайды.
Төртіншінің сыныбын тәуір оқып,
Шөптікөлдiң мектебiн тәмамдайды.

Шөптікөлді төрт жылдай тұрақ ет
кен,
Күн жылынып, жер кеңіп – туа көктем.
– Жақсы оқысаң сабақты, – деп, Әкесі, –
Апарам деп Ақкөлге уәде еткен.

Ақкөл болып, күні-түн есі-дерті,
Көңілінің қобалжып – көшіп еркі.
Айдын көлге тұрады аңсары ауып,
Көз алдынан бір кетпей осы көркі.

Көз алдынан
Бір кетпей толқындары
Ұмытпайды сол кезді,
Сол күнді әлі.
Келген-кеткен естиді жолаушыдан,
Аңыз көп,
Әңгіме көп – ол туралы.

Аңыз көп
Ақкөл жайлы аңыздаған,
Көрген ол – аққуларды алғызбаған.
Әсем бір ән айтқанда
Іңкәр жайлы,
Кез бар ма жүрек тулап,
Қан қызбаған?!

Сол айдын, көргісі кеп
Сол аққуды,
Алқынып,
Алаң көңіл талап қылды.
Арбамен шөп тасуға құрақ ұшып,
Бір күні
Бала жігіт жарап тұрды...

Арба үстіндегі ән

Ақкөлге аттанды олар таң бозынан,
Арбада –
Арлы әке, маңғаз ұлан.
Ақкөлге кейде осылай
Асығатын,
Сағади шалдыққанда, сәл қажыған.

Ақкөлге барса бойы жеңілденіп,
Қуанып,
Құрақ ұшып,
Көңілденіп.
Мәз болып, балалығын есіне алып,
Қайтатын ата-баба жерін көріп.

Торғайдың жеткізбейді даласы кең,
Өмірдің
Өлшенеді мәні осымен.
Ат арба жеделдетіп алға тартып,

Бұл жолы келе жатыр баласымен.

Арбаға
Азын-аулақ азық арта,
Ішінде бірер білем қазы-қарта.
Құтыға құйып алған айран мен сүт,
Және бар –
Сойып алған семіз марқа.

Құрты бар,
Малтасы бар – бірер кесек,
Қазақы қой құйрығы – білемге есеп.
Бозбала арба үстінде жантаяды,
Тастаған шөпті жасауып,
Кілем төсеп.

Күрең ат ырдуанды ырғап тартып,
Кей жерде қиналады
Күшін сарқып.
Қарайды
Кенже бала төңірекке,
Жүрегі алып-ұшып, көңілі шалқып.

Қарайды көзін қадап жан-жағына,
Өзінің тигендей-ақ таңдауына.
Жердегі
Шық-шық еткен саришұнаққа,
Көктегі
Қыран құстың самғауына.

Ауылдан ұзап үш-төрт шақырымдай,
Әкесі ән бастады ақырын жай.
Сол бір ән әрі мұңлы,
Әрі зарлы,
Кеудеден шым-шым шыққан запыран
дай.

Сақтаған сары алтындай көптен бергі,
Келтіріп көз алдына өткендерді.
Сабырлы сазға толы бір әуенді,
Көтеріп естіртпейді
Көктем желі.

Дауысы
Дір-дір етіп шықпағандай,
Қасында бала жатыр ұйықтағандай.
Әуенін арагідік естігенмен,
Айтылған бір сөзін де ұқпағандай.

Әйтеуір –
Әсерлі ән мұңға батқан,
Әуенге ұқсамайды күндегі айтқан.
Әлгінде айтылған ән тал бесіктей,
Баланы тербетеді ұйықтап жатқан.

Құлағын қайта түріп
Кенже бала,
Сүйсініп бір қарайды кең далаға.

Қайтадан қисаяды ұйқы меңдеп,
Бейне бір шендескендей шермен ғана.

Әлгі әуен естілгенмен далада үдеп,
Біледі бір мұң барын бала жүрек.
Бір кезде мойнын созып,
Кенже бала
Жүзіне әкесінің қарады кеп.

Бір әуен толас таппай тынбай зарлап,
Барады кең даланы кеулеп-шарлап.
О, ғажап!
Кенже бала көріп қалды,
Көз жасын әкесінің аққан парлап.

Әкесі бұл бір сәтті аңдамады,
Әуелеп үдей түсті ән баяғы.
Бірауық жатты бала үнсіз тыңдап,
Есінде әкесінің сондағы әні.

Ат басын тіреп
Ақкөл сағасына,
Жақындап
Жыланишақтың жағасына.
Дастархан жайды әкесі,
Дәм татқыза,
Дамылдап аласың, — деп, — тағы
осында.

Әкесі отырғанмен ойға түсіп,
Әлсіреп,
Азайғандай бойда күші.
Бірауық қазы кертіп,
Жілік мүжіп,
Азырақ ауқаттанды
Айран ішіп.

Шіркін-ай,
Далада ішкен айран қандай,
Әкеге баласы да сай болғандай.
Әкеге
Кенже бала қойды сұрақ,
Көңілі болған сәтте жайланғандай.

Әкесі қабыл алды сұрағанын,
Жұмбағын білмек болып мынау әннің.
Шошынып, айтты бала, әкесінің,
Қосылып зарлы әуенге жылағанын.

Тосылып қалды әкесі ойға батып,
—Арбада келмейсің ғой жайға жатып.
Сақтап қал осы әуенді естіген соң,
Айтылар келер бір күн оған уақыт.

Әзірге білмей-ақ қой мәні-жайын,
Әкеңде айтылмаған бар уайым.
Өтті ғой небір заман мына бастан,
Қазбалап оның бәрін неғылайын?!

Ашылып бір күндері өлең көзі,
Оның да айтылатын келер кезі.
Ашылған бұлттан шыққан күндей
болар,
Бір алла шапағатын берерде өзі.

Әкесі осыны айтып түрегелді,
Тыңайып алған сынды күрең енді.
Баласын арбасына отырғызып,
Бет түзеп,
Ақкөл жаққа жүре берді.

Күрең ат кеткен емес жолдан тайқып,
Жатпады одан әрі әңгіме айтып.
Талай той өтсе-дағы,
Талай думан,

Бұл әнді шырқамады енді қайтып.
Қанишама содан бергі заман өтті,
Талай оқ ту сыртынан жанап өтті.
Ақыры сол бір әнді қайран әке,
Өзімен көрге бірге ала кетті.

Көп күтті сол әуенді
Кенже бала,
Айтылған зарға айналып кең далада.
Естіді содан кейін талай әнді,
Ол бірақ жүрегіне ем бола ма?!

Етпеске болмайды енді мұны мәлім,
Білетін оқушының шын ұғарын.
Сағынған
Сол бір әнді
Кенже бала,
Бұл күнде —
Кенжеғали ұлы ғалым.

Қарайды оймен шолып алыс күнді,
Жүректің түпкірінде намыс тұрды.
Әкемен бірге кеткен сол бір әнді,
Ақыры —
Тәуелсіздік табыстырды.

Бар бақыт —
Тәуелсіздік таңы екен ғой,
Жұмбақ сыр табиғаттың заңы екен
ғой.
Айта алмай, әке байғұс
Алып кеткен,
Ахаңның —
Ахметтің әні екен ғой.

Ешқашан ұмытпайды оны халық,
Тірелген еркіндікке жолы барып.
Кеңжекең жиі оқиды сол өлеңді,
Кітабын —
Ұлы Ахаңның қолына алып.



Обстоятельства требуют быстрых решений
(записка Президенту Республики Казахстан Н.Назарбаеву)

Глубокоуважаемый Нурсултан Абишевич!
Хочу предложить вашему вниманию некоторые чрезвычайные меры, которые желательно было бы предпринять в связи с подготовкой к введению национальной валюты.
1. Сейчас на руках у населения громадная масса наличных денег. Я не говорю об их происхождении, но если предпринять срочных мер, они сметут весь наш товарный запас или же могут быть легализованы на счетах предприятий, коммерческих и банковских структур.
Поэтому срочно нужно прекратить наличный денежный оборот на 10-15 дней (или на время, необходимое для подготовки введения национальной валюты) рублей:
изъятия из оборота "советских" рублей;
а) прекратить на указанный срок реализацию товаров и услуг за "советские" рубли (возможно и за российские доллары и доллары).

Мақсатымыз — мемлекеттік тіл заңын пәрмендендіру

Жақында "Тіл туралы" заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін еліміз Парламентінде арнайы жұмыс тобы Мәжілісінің депутаты Кенжеғали Сағадиевпен жолығып сұхбаттасқан едік.

— Жасырып не керек, мемлекеттік тіл мәселесін талмай көтеріп келе жатқан Парламентте арқалы азаматтар бар емес, Сіз болғаныңызға таңырқап отырмыз?
— Маман емессіз дегенің ғой. Депутат болып іске кіріскенімізге алтыншы айға кетті, міне, күні бүгінге дейін Мәжілістің жалпы отырысында бірде-бір мәрте тіл мәселесі көтерілмей қалған жоқ. Депутаттардың дауысы бөсенсігенді тан мен де осы ұлттың баласымын, көп ойландым. Әрі тіл үшін қабырғасы қайысқан топтың басында өресі өте биік азаматтарымыз: Әбіл Кекілбай, Мұхтар Шаханов, сыйымдарды, заңдар мен бағдарламаны, тіпті шетелдердің тәжірибелерін дегендей арнайы отырып сүзіп шықтым. (Әрине, қолыма түскенін). Меніңше, тіл жанашырларының

тности, от возможности дей- за в рамках ЕвразЭС или чег- я экономики Казахстана, Рос- достаточн около 7 % мирово- ние взаимоприемлемые усло-
Казахстана в систему много- г множества факторов. В це- лико необходима трезвая оцен- тринимаемых на себя обяза-
ступление на международной то- практической конференци- ии национальной экономики в условиях вступления во- ную Торговую организацию". г. Алматы, 27 мая 2003 г.

Дүниежүзілік Сауда Ұйымы: артықшылықтары мен абай болар жақтары

Еліміздің экономикасы тағы бір үлкен жана кезеңнің алдында тұр. Ол — Қазақстанның Дүниежүзілік Сауда Ұйымына қосылу кезеңі. Бір-екі жыл ішінде осы кезең туып қалуы мүмкін. Елбасы Н.Назарбаев бірнеше ресми мәлімдемелерінде, әсіресе Д.Ахметов бастаған жана үкіметтің міндеттеріне тоқталғанда аталмыш ұйымға кіру мәселесіне жауапты қарап, жан-жақты дайындық қажет екенін атап өтті.

Құрылғанына 56 жыл толған, (ГАТТ 1947), қазіргі таңда 146 мемлекет мүше болып отырған Дүниежүзілік Сауда Ұйымының ерекшелігі біздің қалыптасқан ұлттық экономикалық кеңестігімізге ықпалы өсер титізері есібі күмәнсіз. Оны осы Ұйымға кірген көптеген елдердің тәжірибесінен байқауға болады. Үтандар бар, ал ұтылған мемлекеттердің де саны аз емес.

Бұдан бізге осы ұйымға қосылу керек не деген сұрақ тұмайды. Бүкіл әлем елдерінің 75 пайызынан артығы мүше болып отырған осындай халықаралық бірлестіктен тыс қалу біздің қолданған отырған саясатымызға жатпайды. Біз ашық, сауданы барынша ырықтандыру негізінде нарық экономика жүйесін қалыптастырып жатқан елміз. Осы бағытымызда қол жеткен табыстарымыз да аз емес. Бүгінгі таңда 135 мемлекетпен сауда-саттық, жалпы экономикалық қатынастарымыз.

Академик Кенжеғали САҒАДИЕВ: «Менің өмір бойы іздегенім – білім»



Қазақ оқымыстысы Кенжеғали Әбенұлы Сағадиевтің даңқы дүние жүзіне несімен мәлім? Қазақстанның ғылымы мен жоғары оқу орындары тарихында бір адамның қатарынан республиканың іргелі деген Целиноград ауыл шаруашылық институты, Қазақ мемлекеттік басқару академиясы, Қазақ мемлекеттік аграрлық университеті, Халықаралық бизнес университеті сияқты төрт бірдей жоғары оқу орындарын және Ұлттық ғылым академиясын басқаруымен бе, жоқ әлде Қазақстанның жоғары заң шығарушы буыны Парламент Мәжілісіне екі мәрте депутат болып сайлануымен бе? Жоқ, бұлай болмаса керек-ті

Өйткені, мұндай жағдайлар тап осыншалықты дәл осы үрдісте қайталанбағанмен, болған да шығар? Қарапайым ауыл баласының академиктік, мемлекет және қоғам қайраткерлігіне дейінгі жүріп өткен жолынан ең әуелі академик Сағадиевтің ойшылдығы мен пайым парасатының тереңдігін және де кез келген мәселе бойынша өз пікірін, кейіннен сонысына келісерліктей етіп ашық та нанымды әрі иланымды айта білетін өзіне ғана тән ерекшелігін көреміз. Және де ойлы сөзін ішіне бүгіп те қалмайды. Мұнысы кез келген мәселеге жаны аши білетін тағы бір қайталанбас қасиетінде

жатқандай. Бұл Сағадиевтің нағыз ғалымдығының бір қыры болса, ел мен мемлекеттік мүддені бәрінен де биік, бәрінен де қасиетті санар тектілігінде жатқандай болып сезілері бар. Осы бір ой академик ағаға қояр алғашқы сауалды алдымызға тарта бергені де болды.

– Аға, сіздің тамырыңыз алаш қайраткері, ұлт ұстазы Аханның, АхметБайтұрсыновтың тегінен тартады дейді ғой?

– Ата тегім соны айтады. Бұл жағын жіліктеп шағып бермей-ақ қояйын. Бізге жараспас! Ал енді өзім өскен өлкенің сағым ойнаған сар даласы, сарқыраған өзені, мөлдіреген көлдері, ойдым-ойдым орман-тоғайлары көз алдымда мәңгілікке қалып қойғандығы бар. Көне Торғай даласындағы Жыланшық өзенінің арғы-бергі жағалауы, Құмарал мен Сартүбектің айнала көмкерген жасыл шалғынды нулы көлі!.. Мен үшін жұмыр жердің жұмағы – өз туған жерім. Бәлкім, менің осы бір ең алғашқы дүниеауи сүйіспеншілігім мен құштарлығым осынау өлкеге деген шын ынтызарлықтан бастау алған да шығар.

Мен атақты Торғай өлкесінің Жангелдин ауданындағы №1 ауылында дүниеге келгенмін. Осы өлкенің арғы-бергі тарихын да оның жерінің

болсын, одан қалды өзен-көлдерінің жайын да, тарихын да көпшілігіміз әлі жете біле де бермейміз.

Әкем жарықтық жеті жасар кезімде Сартүбектегі қорымға ертіп әкелгені есімде сақталып қалыпты. Аруақты қадірлейтін қазақтың ескі наным бойынша бабалар рухына құран бағыштап, бет сипай отырып, енді ғана мектепке барғалы жүрген мені әкем үлкен өмір сапарына осылайша аттандырып еді. Сол жолы осы қорымда жерленген Байтұрсын, Ақтас, Ерғазы, Қали есімдерін алғаш рет естіген едім. Байтұрсынның Ахметі туралы да аз-мұз естігенім осы жолы болды. «Ахаң деген ол кім, әке?», деп сұрадым. «Жарықтық Ахаң, бүкіл қазақтың, бүкіл алаштың Ахаңы ғой! Балам-ау, мен білетін арғы-бергі қазақта Ахаңнан артық кім дүниеден өтті екен?! Заман түзелер, уақыты да келер әлі! Сен де өсерсің! Ахаңның қандай адам болғанын толық білерсің әлі! Ұлым, сен осы Ахмет атаңдай болсаң, арманым болмас еді», деген әкемнің күрсіне айтқан бір ауыз сөзі осы күндері санамда қайта жаңғырғандай болады.

– Бүгінгідей әлем таныған білікті ғалым әрі қайраткер болып қалыптасуыңызға сол ортаның әсері тиді деп ойлайсыз ба?

– Әрине! Адам баласына көптеген жақсы қасиеттер ананың сүтімен, әкенің қанымен даритындығы бар. Айнала дүние мен қоршаған ортаның ғажайыптарын енді сезініп, енді тани бастаған шақта әкем Сағадидің зердеме құйып, үйреткендері көп болды. Әкемнің сол үйреткендері күні бүгінге шейін өз ғұмырыма азық та болып келе жатқан сыңайлы. Аспан әлеміндегі жымындаған сансыз жұлдыздардың құпия сырынан бастап, ең даланы өрлей ескен желдің де, ішін тарта, ызбарлана соққан ала құйын боранның да бағытын анықтай білуге дейінгі қазақи жұлдызнама, яғни, бүгінгі астрономияның да әліппесін мен өз әкемнен үйренгенмін. Бес жасымнан бастап желмен жарысқан небір жүйріктердің ат басына мініп, талай бір қиқулы бәйгеге қатысқандықтан ба екен, жылқы малы десе көңілімнің алабұртып, тіпті елігіп, делебемнің осы күнге дейін қозып тұратындығы да бар. Менің өмірімнің бас бапкері әкем болса, мен де енді өзімді өз ұрпақтарымның, өз немерелерімнің бас бапкері сияқты сезінемін өзімді. Жарықтық әкем өмірден ерте озып кетті.

– Жаңа «әкем Сағади» деп қалдыңыз?..

– Иә, солай. Әбен – әкемнің інісі. Сол кісі асы-трап өсірді, Әбенұлы деп жазыламын, Сағади есімін фамилияма алдым. Анам Қаламқас мені қырық жасында көтерген екен, сексен беске келіп қайтты. Немерелерін иіскеді. Профессор болғанымызды, азды-көпті лауазымды қызметтер жасағанымызды да көрді. Алматыда қызмет атқарғанымда бір жылдай келіп бізбен бірге де тұрды. Үлкен қаланың төрт қабырғалы қарбалас тіршілігіне үйрене алмай және де әңгіме-дүкен құратын өз қатарластары болмаған соң, өзі үйренген ауылда тұрғысы келді. Иманды болғырлар, олар тұрмыстың да, өмірдің де қиыншылықтарын көп көрген адамдар ғой. Біздің тіршілігімізге ырза шығар деп ойлаймын. Әке-шешемізден үш ұл және үш қыз едік. Қазір сол бауырларымнан өзімнен екі жас үлкен апам ғана бар. Бала-шағасымен Астанада тұрады.

– Сіздің бәрін білсем деген құштарлығыңыз

үлкен ғылымға алып келгендей екен?!..

– Солайы, солай болар! Ал енді 1955 жылы Қостанай облысындағы Әуликөл ауданындағы орта мектепті күміс медальмен бітіріп, аттестатымды қолыма алғаннан кейін «Біздің әулеттен әлі бір-де-бір адам жоғары білім алған жоқ, сен оқы!», деп үйдегілер бар жиған-тергендерін қолыма ұстатып, мені Алматыға жібермек болды. Елдің енді-енді есін жинап келе жатқан кезі ғой. Сол кезде Мәскеуден бір инженер келіп, бізді Мәскеудегі түсті металдар және алтын институтында оқып, осы саланың мамандары болуға үгіттеді. Айтқан әңгімелері де қатты әсер етті. Ол кезде тау-кен инженерлері дегеніңіз, армия генералдары сияқты не бір оқалы, сәнді киімдер киіп жүретін. Осы-лайша, мен де инженер болғым келді. Оның үстіне физика мен математика пәндеріне жақсы едім. Мәскеудегі құрыш балқыту институты жайлы естіп, құжаттарымды сол оқу орнына салып жібердім.

Мәскеуге аттанбас бұрын әкем екеуіміз бабалардың басына тәу етіп, Ақкөлдегі ағайындардың батасын алып қайтайық деп жолға шықтық. Үйге қайтар кезде табан астынан Қабырға өзені тасып, жолда біраз күн аялдай тұруға тура келді. Оқудан кешіктім. Осылайша, Мәскеу көзден бұл-бұл ұшты. Содан Алматыға тарттым. Қолымда еш құжат жоқ. Бәрі де Мәскеуде! Алып ұшып, Алматыға жетіп, сол кездегі С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің ректоры Асқар Закаринге кіріп, жағдайды түсіндіріп, мектепті күміс медальге бітіргенімді айтып, экономика-философия факультетіне емтихансыз қабылдандым. Бастапқыда экономика дегеннен гөрі, философия деген атауы көбірек ұнағандай болды. Бірақ, түптеп келгенде экономика факультетінен бір-ақ шықтым. Әу бастағы өкінішім басылғандай болды. Алғашқы сессияны да «өте жақсы» деген бағамен аяқтадым. Үшінші курста екінші бірінің қолы жете бермейтін Ленин стипендиясына іліктім.

– Солай бола тұра бірінші семестрден соң оқуды тастап, екі ай сабаққа бармай қойдыңыз?..

– Жұмыс істедім. Ақша тауып, Мәскеуге оқуға кеткім келді. ҚазҰУ-дегі оқуымды жайына қалдырып, екі-үш адаммен бірігіп түнімен көмір түсіріп жүргенімізді ауылдағы немере ағам естіп қалып, өз ренішін білдіріп, хат жазып жіберіпті. Университеттің комсомол комитетінің де талқысына түстім. Оқудан шығаруға бұйрық та дайындап қойыпты. Себебін сұрап, сұрақтың астына алды дейсіз. Сессияны кілең беске тапсырғанымды, Мәскеуге оқуға кеткім келіп жүргенімді білген комиссиядағылар ақылдарын айтып, қатаң сөгістерін беріп, мені оқуда қалдыратын болды. Мен де сабама түсіп, экономиканың өмірге керек ғылым екенін түсініп, сабағымды қаузап оқи бастадым. Оқыған сайын экономика мені өзіне баурап алып кете берді де, ол бүкіл өмірімнің арқауына айналды. Ал сол комсомол жиналысында менің мәселемді қарап, талқыға салуға қатысқан профессор-экономистер Кеңес Бердалиев пен Қаби Ақаевпен достармыз, әлі күнге дейін араласып тұрамыз. «Мәскеуге қашан кетесің?» деп көрген сайын әзілдеп қояды.

– Мәскеуден білім алудың сәті түсті ғой ақыры...

– Иә, солай болды! Алайда, бұл арманым да бірден орындала қалған жоқ. Университетті бітірген соң осы оқу орнына сабақ беруге қалдырылдым. Ол кезде Мәскеуде білім алудың өз тәртібі болатын. Сол кездегі одактас республикалардан қай мамандықтар бойынша қанша аспиранттар қабылданатындығы алдын ала жасалатын есеппен жүргізілетін. Мәскеудің сол есебінің реті қашан келер екен деп бірнеше жыл күттім. Мұндай мүмкіндік жуық арада туа қоймасын білдім де, Мәскеуге өзім бардым. Сондағы А.Н.Плеханов атындағы Халық шаруашылығы институтында аспирантурада білімімді шыңдадым. Кейін докторлық диссертациямды да Мәскеуде қорғадым.

– Сіз Алматыдағы халық шаруашылығы институтының, қазіргі Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінің негізін қалаушылардың бірісіз. Он жыл бойы бірінші проректор болдыңыз. Онан кейін өз ғұмырыңызда Целиноград ауыл шаруашылық институты, Қазақ мемлекеттік басқару академиясы, Қазақ мемлекеттік аграрлық университеті, Халықаралық бизнес университеті сияқты төрт бірдей жоғары оқу орындарының ректоры болдыңыз. Айтыңызшы, осы оқу орындарыңыздағы қай ректорлығыңызды қымбат санайсыз?

– Бәрі де қымбат маған! Осы күндері өзім қызмет еткен барлық оқу орындарында өткен өз күндерімді ыстық бір ықыласпен еске аламын. Алматыдағы сол кезде «нархоз» дейтін, ал қазіргі Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінде он жыл бойы бірінші проректор қызметін атқардым. Барымды салып жұмыс істедім. Біздің атқарған жұмысымыз сол кездегі Кеңес одағына үлгі болып жататын. Ұйымдастырушылық қабілетімді танығандықтары шығар, екі рет республикамыздағы институтқа басшылыққа шақырды, алайда, өзім ыңғай бере қоймадым. Содан, үшінші рет Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне тағы да шақырып алып, Целиноградтағы ауыл шаруашылық институтына барасыз деді. Бұл жолы талаптың нақтылы қойылып отырғандығын сездім. Ол кезде біз де – коммунистпіз! Партия қайда жіберсе, сонда бару керек. Ақыры келісімімді беріп, бұрын-сонды көрмеген жерім болса да, Целиноградқа келдік қой. Туған жерім Торғайға да жақындығы көңілімді орнықтырды. Несін жасырайын, тұңғыш ректорлық жұмысым болғаннан кейін бе екен, Целиноградтағы жылдарым аса ыстық сезіліп тұрары бар. Білмейтін мәселелерім де көп болатын. Күндіз қызметімді атқарып келем де, түннің бір уағына дейін ауыл шаруашылығы мамандықтарына қатысты кітаптар мен оқулықтарды ақтарамын. Институттың оқу базасы да, ғимараттары өте нашар еді. Мәскеуге бағынатын кез, бәрін де сол жақ шешеді. Әбден жүдеу тартқан оқу базасымен ауыл шаруашылығы үшін білікті кадрлар дайындау мүмкін еместігіне дәлелді пікірімді айтып, Мәскеудегі одақтық Білім министрлігі мен Ауыл шаруашылығы министрлігіне хат жазумен,

барумен болдым. Арыз-мұңыма құлақ аса қояр олар жоқ. Өзге де талай бір есіктерді тоздыруға тура келді. Амалым таусылған соң, Қонаевтың қабылдауына сұрандым. Сөйлесіп отыруға уақыты бола қоймас деп, парактың үштен бір бөлігіне «Ауыл шаруашылығы институттарының жағдайы» деген ой-пікірімді жазып алып бардым. Ауыл шаруашылығы үшін кадрлар даярлайтын Қазақстандағы институттың жағдайын Ресей, Украина, Өзбекстандағы оқу орындарының жайымен салыстырып, көрсеткен болатынымын. Димекен ғалым кісі ғой, қағаздағы мәліметтерге қарап, «Бәрінен кенже қалып қойғанымыз қалай болғаны?» деп телефон арқылы ЦК-нің ауыл шаруашылығы бөлімінің бастығымен сөйлесті. Менің атымнан хат жазыңдар деді. Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы министрі Месяцке мені қабылдасын деп хат жазғызып берді. Алматыдан Целиноградқа оралғаным екі күн болмай жатып Мәскеуге шақыртты. Келсем, бұдан бұрын айтқан жайларымды жүрдім-бардым тыңдағандар енді зыр жүгіріп жүр. «Политбюроны» араластырғаныңыз не деп қояды? Алайда, не керек жүйкемізді жұқарта жүріп, керегімізді алдық қой. Ректор болған сол сегіз жылда институттың ғимаратын салдық. Оқу корпустарын, мал дәрігерлік клиника тұрғыздық. Қала тұрғындары осы біздің клиниканы қызықтап, қарауға келетін. Осылайша, институттың материалдық-техникалық базасы екі есеге ұлғайып, жаңғыртылды.

– Сағадиевтің бастамасымен сексенінші жылдары Кеңес одағы бойынша ашылған алты биотехникалық орталықтың бірі осы Целиноград ауыл шаруашылығы институтында құрылғаны айтылады...

– Солай болғаны рас. Алайда, әлі күнге дейін осы бір істің өкініші де бар. Сол биотехникалық орталық 1985 жылы құрылды. Жұмысын алға жылжыта алмадым. Өз тарапыман ынтамды да, күш-жігерімді де салып, ойларымды нақтылап көргеніммен де, біздің орталықтың ғылыми-зерттеулері қолдау таппады. Малды, дәнді-дақылдардың түсімін қалай көбейтуге болады деген мәселені дендеп зерттеуді көксеп жүретінмін. Биотехнология жетістіктерін қолданған елдер көп алға қарыштады. Ол кезде Кеңес одағы бойынша кешенді зерттеулер жүргізетін құрал-жабдықтар да болмады. Кеңес өкіметі ондай технологиялар шығара да алған жоқ. Бұл орасан көп қаражатты қажет ететін жоба еді. Егер де сол тұста биотехнологиялық зерттеулерді қолға алып, оның нәтижелерін қолдана білгенімізде, экономикамыз көп ілгері жүретін еді. Өзімізге керек кадрларды өз институтымыздан таптық. Мәскеу арқылы шетелдерден алтынға алынған технологияларымыз да болды. Жеке ғимарат та берілген. Өте нәтижелі жұмыс жүргізе бастап едік. Бидайдың ғана жаңа 4 түрін шығардық. Біз «пробиркадан» бұзау да алдық. Ол бұзау Целиноградтан кеткенімде бар болатын. Малдың аусылына қарсы дәрі де ойлап таптық. 90-шы жылдары менен кейінгілер осының бәрінен де айырылып қалды. Егер сол ізденістерімізді тоқтатпаған болсақ, осы күндері ғылыми жетістіктеріміз талай бір жерге барып та қалатын еді...

суретте Кенжеғали Сағадиев отбасымен



– Бидайдың жаңа бір сорты «Кенжеғали» деп аталған екен ғой?!

– Мен кеткеннен кейін бір топ ізденушілер бидайдың жаңадан алынған бір түріне атымды берген екен. Институт ғалымдарының менің еңбегіме берген бағалары ғой деп ойлады. Риза да болдым!

– Целиноградта жүргенде тындырған үш ісім болды деп айтады екенсіз? Үшіншісі не болды?

– Тыңның игеріле бастауымен сол тұста жалпы еліміз бойынша қазақтардың саны күрт азайып кетті. Бұл, әсіресе, солтүстік өңірлердің жергілікті халқының ұлттық болмыстарына ауыр тиді. Түрлі қызметтерде, тіпті жоғары оқу орындарында білім алудың өзінде қазақтар азшылыққа айнала бастады. Осы жағдайға жаным ауырып жүргендіктен, институтқа қабылданатын қазақ жастарын біртіндеп көбейте бастадық. Зерек, оқуға деген ынтасы мен талпынысы бар жастарды іздестіріп, шақыртып алатын едім. Бастапқыда институтта ұлты қазақ дейтіндей оқытушылар да саусақпен санарлық болды. Солардың қатарын толықтыра бастадым. Бұл, әрине, Мәскеудің құлағына тимей де қалған жоқ еді. Күндердің бір күнінде үлкен комиссия да келді. Мәскеуге жіберілген «домалақ» арыз бойынша тексерушілер келе жатқанын біліп, біз де алдын ала дайындала бердік. Жалпы, жұмысымыз жаман емес еді. Жетістіктеріміз де бар болатын. Бүкілодақтық ауыспалы Қызыл Туды да жеңіп алғанбыз. Советтік Қазақстан тарихында бұл туды жеңіп алған екі институт ғана болса, соның бірі

біз едік. Мәскеу бұл жолы қаһарлана келетіндігін сездім де, жедел бір топ қызметкерлерімді Қазақстанның солтүстігімен көршілес жатқан Тюмень, Новосібір, Омбы, Свердловск ауыл шаруашылық институттарындағы студенттердің қаншасы қазақ, қаншасы басқа ұлт дегендей, ақпар жинап алып келуге іссапарға жібердім. Алдын ала барлық ректорлармен хабарласып, қажетті осы мәліметтерді беруге көмектесулерін сұрадым. Қысқасы, қолыма тиген мәлімет бойынша, Ресейдің осы ірі дейтін төрт бірдей институттарында оқып жүрген барлық студенттердің 93 пайызы – орыстар, 1,2 пайызы ғана қазақтар болып шықты.

Күткеніміздей, комиссия да жетіп келді. «Сіздер маған ұлтшыл деп кінә таққалы келіп отырсыздар. Ал, мен болсам, сіздердің саясаттарыңызды түсінбеймін. Тіпті ренжуге де бармын», деп бірден қарсы шабуылға көштім. Қолымдағы мәліметтерді алдарына қойдым. «Жергілікті халық қайда барып білім алады? Біз өз институтымызда қазақ жастарының білім алуларына жол ашып отырғандығым рас, мұнда ешқандай да ұлтшылдық жоқ. Отанымызға миллиардтап астық, миллиондаған мал өсіріп, соның етімен де, сүтімен де сіздерді асырап отырған Қазақстан өзінің ауыл шаруашылығына қажетті мамандарын қайдан алатын болады?» деп қайтпай сөйлеп едім, мыстары басылып сала берді. Қандай жағдай болса да, жұмысыңды адал, жақсы атқарсаң ешкімнің де саған тісі батпайды екен. Бұл менің осы өмірімде өз көзім жеткен бір ақиқат...